




● ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛДАУЫ



Болашақ тізгіні – ЖАСТАРДА

**Қымбат
ДОСЖАНОВА**

Қостанайлық оқушылар Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" атты жаңа Жолдауын талқылады.

Аталмыш кездесуге қаламыздағы №5 мектептің 11 сынып оқушылары және облыстық ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы Жанат Мырзабаева қатысты.

Ортаңғы буын өкілдері шәкірттерге маңызды құжаттың мазмұнын түсіндірді.

– Былтырғы жылдың 11 қарашасында Ұлт Көшбасшысы Қазақстан халқына жаңа Жолдауын жариялаған болатын. Мазмұны – терең, бағыты – айқын, стратегиялық мәні – зор құжатта ұрпақ тәрбиесі, ел тарихы, әлеуметтік ахуал және экономика туралы айтылған. Дүниені дағдарыс жайлаған уақытта егемен еліміз ұлы жолды бетке алды. Ол – Мәңгілік елге бастар бағыт, – деді облыстық ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы

Ж.Мырзабаева.

Қаладағы "Құрылыс құрылымдық бөлімшесінің" кітапханашысы Ботакөз Дүйсембаеваның айтуынша, мұндай іс-шараның оқушыларға берері мол. Жеткіншектер мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық ахуалынан хабардар болуы керек. Себебі, ертеңгі күннің иелері, болашақтың тізгінін ұстар толқын – бүгінгі жастар емес пе?!

**СУРЕТТЕ: шәкірттер Жолдауды оқуда;
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.**

Қостанай облысының әкімі Н.М.Садуақасовтың халықпен есеп беру кездесуі өтеді

"Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 15 тамыздағы № 615 Жарлығына сәйкес 2015 жылғы 18 ақпанда
Қостанай облысының әкімі Н.М. САДУАҚАСОВТЫҢ өңір тұрғындарымен дәстүрлі кездесуі өтеді

Облыс әкімінің есеп беру кездесуі алдында 2015 жылғы 12 қаңтардан бастап 3 ақпанды қоса алғанға дейін халықтан сұрақтар, ұсыныстар, ескертпелер мен ұнқатулар қабылдау ұйымдастырылады.

Азаматтар өз өтініштерін облыс әкімі аппаратының пошталық мекенжайына: 110000, Қостанай қ., Әл-Фараби д-лы, 66, электрондық мекенжайына:

akim@kostanay.gov.kz, облыс әкімінің блогына - www.blogs.kostanay.gov.kz, 8 (7142) 57-50-84, 57-50-57 қауырт желі телефоны бойынша жібере алады, облыс әкімі аппараты ғимаратының вестибюлінде орнатылған арнайы жәшікке сала алады.

**Қостанай облысы
әкімінің аппараты.**

Жаңа жоба –



Облыстық "Қостанай таңы" газеті редакциясы қой жылында жаңа жоба – газеттің 8 беттік "Қостанай ақшамы" қосымшасын шығаруды қолға алып отыр. Онда тарихи-танымдық, тағылымдық-тәрбиелік, әдеби-мәдени материалдар молынан жарияланбақ. Жаңа жобаның тұсаукесері ретінде дайындалған материалдар топтамасын Сіздер газеттің бүгінгі санынан оқисыздар. Бұл қосымша айына екі рет жұма күндері шығады, соған орай сол күнгі басылым 24 бет көлеммен оқырманға жол тартады. Газет оқырмандарын, қоғамдық тілшілерді "Қостанай ақшамының" мазмұнды да қызықты шығуына үлес қосуға шақырамыз.

АНОНС

● БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

"Әріптестер, үйде отырған жоқсыздар. Парламенттің мінберіндесіздер. Сондықтан әдеппен сөйлейік!" – "Жас қазақ" газеті (№ 40, 2014) екінші бетінде Мәжіліс депутаты Галина Баймаханова ханымның сөзін осылай оймақтай ойып беріпті. Япырай, ө... "үйде отырған жоқсыздар, әдеппен сөйлейік" дегені жанға батып кетті. Үй деген – отбасы, қасиетті мекен еді ғой. Рас, кеңес заманында "үйде отырған жоқсың, беталды сөйлей берме" деген тыйымды естіп өстік. Сонда осы сөзбен, осындай ұғыммен



"Әріптестер, үйде отырған жоқсыздар"

үйіміз, яғни, қара шаңырағымызды төр етіп жатқанымыз туралы ойланбаппыз. "Қара шаңырақ" деп қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай тірлікте ғана сөзбұйда, жел сөз ғана болған екен. Оның үстіне ол кезде арды ардақтайтын, иманды ұйытатын үй емес, ұжым дедік. Отбасының бар міндет-жүгін ұжымға арта салдық. (Мысалы, "Менің атым Қожадағы" Қожаны класс жиналысына, педсоветке салып талқылайтынын, "тәрбие" беретінін еске түсіріңіз) Баланы үйдегі ыстық құшақ пен мейірімнен айырып, интернат деген тобыр-тәрбиешінің сызды қабағына бердік. Содан барып, безбұйрек бала қайдан шығады деп таңқалдық. Ұжым кісінің тағдырын шешеді, ұжым тәрбиесі ұшпаққа жеткізеді, адам тағдырын ұжым шешеді деп әбден санаға сіңіріп, өдет-ғұрыпқа айналдырдық. Ақырғы жеткен жеріміз, нәтижесі белгілі – "үйде отырған жоқсыздар, әдеппен сөйлейік". Әдепсіздіктің бәрі үйде қалсын: үй ішінде не болса, соны айта бер, ауыздан ақ ит кіріп, көк ит шықсын, бәрібір...

Адамзат қоғамы отбасының қадір-қасиетін, мән-маңызын жоғалтып алды. Иманы мен ибасынан айрыла бастады. Ірі елдер бұл дағдарысқа бұрнағы ғасырларда алдымен ұшырады. Несін айтасыз, талай отбасы драмалары том-том сага-романдарға арқау болды. Өткен өткенімен, адамзаттың кемеліне келіп, ізгіліктің шыңына шыққан, өркениеттің жоғары дамыған сатысында тұрған осы заманымызда төрткіл дүниенің түкпір-түкпірінен отбасындағы небір айуандық, сұмдық оқиғаларды естіп жүрміз.

Мысалды тіпті, алыстан іздеудің керекі болмай қалды. Біздің облыста бұрнағы жылдары бір отағасы өз үйіндегі шиеттей бала-шағасын қырып салғаны әлі ұмтыла қойған жоқ. Төпсе темір үзетін ер азаматтың ет-жақындарын, бір дастарханнан ас ішіп өскен жандарды өлтіруге қолы қалай барды? Заң да, заман да дер кезінде бұл сауалға ақиқат жауабын берген жоқ! Бір ғажайып қоғам отбасының азғындауының, құлдырауының себеп-салдарын білгенімен, оның ойран-топандарын болдырмауға, тосқауыл қоюға дәрменсіз. Адам баласы дүниеқоңызды, материалдық игілікті өңдеуде қарышты қадам басты да, рухани жағынан мешеу қалды. Отбасы институтының тағдыр-талайына арналған дәрежелі басқосулар, шаралардың түр-түрі өтті. Бірақ нақты нәтиже жоқтың қасы. Тіпті болмағасын, 1993 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен мамыр айының 15 күнін халықаралық Отбасы күні деп жариялаған. Өкініштісі, ондай күндердің декларациялық сипаты басым. Біздің еліміз де бұрнағы жылы қыркүйектің екінші жексенбісінде Отбасы күнін мерекелеуді бастады. Бірақ әл-әзір шынайы отбасы бақытын үлгі ететін мысалдар некен-саяқ.

Отбасын қоқыс салатын жәшікке ұқсатып жібердік пе деп те қорқасың. "Үйде отырған жоқсыздар, әдеппен сөйлейік" дегенде ең алдымен санаға сарт еткен ой осы. Шынында үйде не болмайды? Қайсысын айтып тауысарсың? Ең қорқыныштысы, үйде бала туу жылдан-жылға азайып барады. Немерені ата-әже емес, балабақша тәрбиелейді. Ал биылғы жылдан, дәлірек 2015 жылдың 1 желтоқсанынан бастап перзентханаларда тас-танды балаға арналған жәшік, яғни бәби-бокс орнатуды ұсыну да. Бұл перзентханада дүниеге келген бала шаранасы үйден бездіріп, түзге тастауға ықпал етпесіне кім кепіл?

"Ел болам десең, бесігінді түзе". Сол бесік үйде бар ма, өзі?! Бар болса, кім қалай тербетіп жүр? Енді кімге, не дерсіз? Бәрі де жастарға байланысты дерсіз. Жасқа не деп шағынасыз?

Отан отбасынан, үйден басталады. Ендеше, үйде отырған жоқсыз деп, қалыптасқан құрғыр әдеттен арылып, жаңа ұрпақты адастырмайық.

Үйің – алтын діңгегің!

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Баршамыздың мақсатымыз – ішкі тұрақтылық

Нұрболат МЕШІТБАЕВ

Бұған дейін хабарлағанымыздай, өңірімізде баспасөз клубы ашылған еді ғой. Оның алғашқы қонағы болып облыс әкімі Нұралы Садуақасов қатысып, жергілікті бұқаралық ақпарат өкілдерінің сауалдарына жауап берген-ді. Бұл жолғы баспасөз орталығының қонағы ретінде облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Жәнділде Мақанов шақырылды.

Әп дегеннен ол басқарманың өткен жылы атқарылған жұмыстарына тоқталып, еліміздің Тәуелсіздік алған тұстан бергі оқиғаларын тізбелеп, ішкі саясат жолында жеткен жетістіктерімізді әңгімелеп берді де журналистердің қойған сауалдарына көшті.

– Қазір өзіңіз айтқандай, өңірімізде 124-ке жуық БАҚ ошағы бар, – деді газетіміздің тілшісі. – Солардың тең жартысы жеке адамдарға сатылып жатыр. Күні ертең осы азаматтар өз иелігіндегі газет-журналдарға жеке амбициясын, яғни позициясын жүргізіп, бүгінгі ішкі тұрақтылығымызға кері әсерін тигізбей ме?

– Біз бұл жайтты әбден пысықтадық, – деді басқарма басшысы. – Рас айтасыз, бұған дейін мемлекеттік болып келген басылымдар жекеге өткен соң түр-түсін, ішкі мазмұнын өзгертіп, ішкі саясатымызға антикөзқарас қалыптастыруы әбден мүмкін. Сондықтан да біз бұған немқұрайлы қарамай тек қана 50% акциясын ғана сатуға бел будық. Осы күнге дейін өңіріміз бойынша газет-журнал, телеарналар, ақпараттық сайттар 95% жекеге тиесілі.



Олар барлық заңдылықты сақтап отыр.

Бұдан кейін Жәнділде Қожахметұлы баспасөз клубының атқарар қызметіне тоқталды.

– Мұны (баспасөз орталығын айтып отыр – автор) іске асырардағы мақсатымыз – күнделікті қарым-қатынасты нығайтып, билік пен журналистер арасында ашық әңгіме өткізу. Билік өкілі өз позициясын қорытып, журналист өзін қызықтырған тақырыпқа тұщымды әрі нақты жауап алу. Клубты қайтадан ашып, жандануына, міне, осындай игі идея түрткі болған, – деді ол жан-жақты түсіндіріп.

Содан соң республикалық партиялардың жергілікті филиалдарымен, ассамблеямен бірлескен жұмыстарға, биыл Жеңістің 70 жылдық торқалы тойы қарсаңында атқарылған істерге тоқталды.

Сөз соңында Жәнділде Қожахметұлы келесі аптадағы қонағын – денсаулық сақтау басқармасының басшысы Орал Бекмағамбетовты жариялап:

– Біздің бүгінгі диалогке құрылған басқосуымыздың басты мақсаты – мемлекетіміздің ішкі тұрақтылығын нығайтып, сол жолда еңбек ету, – деді.

Басқарма өз жұмысын қорытындылады

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Жақында облыстық дін істері басқармасының кеңейтілген отырысында басқарманың өткен жылы атқарған жұмыс қорытындылары мен биылғы жылға арналған мақсат-міндеттері айқындалды. Басқосуға облыстық дін істері басқармасының қызметкерлері, сонымен қатар діни және қоғамдық ұйымдар өкілдері қатысты.

Өңірімізде орнаған діни жағдайға тоқтала келе, Н.Нөгербеков оның тұрақты қалыпта әрі тұжырымдамалық (конструктивті) мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қарым-қатынастар түрінде дамып отырғанын атап өтті. Сонымен қатар басшы 2014 жылы жүргізілген әлеуметтік сауалнама қорытындылары осының айқын дәлелі болып та-

былады, деді. Атап айтқанда, республикадағы өзекті мәселелер бойынша 78%-ы аймақтағы діни ахуалды тұрақты деп есептесе, азаматтардың 76,6%-ы дінаралық қарым-қатынас қалыпты екенін білдірді.

Аталған басқарманың басты қызметі діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу мен

қоғам ішінде толерантты діни сана-сезімді қалыптасуға негізделеді. Басқарманың ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдауының арқасында жер-жерлерде дін мәселелері жөніндегі 72 ақпараттық топтардың жұмыстары ұйымдастырылып, олардың құрамына мемлекеттік қызметкерлер, ғалымдар, дінтанушылар мен теологтар кірді.

БАҚ беттерінде дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша түрлі жарияланымдар мен баян-дамалар жарық көрді.

Сөз соңында Н.Нөгербеков басқарманың Қазақстан мемлекеттілігінің зайырлылық қағидаларын күшейту бағытындағы жұмыстарын одан әрі дамыту мәселесіне ерекше назар аудару керектігін айтты.

"40 жыл тәтті өмір"

Мешіт ҒАЗИЗ

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайында дәл осындай атаумен көрме ашылды. Ол еліміздің солтүстік өңіріндегі ең ірі кондитерлік өнімдер шығаратын "Баян Сұлу" акционерлік қоғамының 40 жылдығына арналып отыр. Бір айға созылатын көрмеге кәсіпорынның алғашқы құрылған сәтінен бастап қазіргі таңдағы қол жеткізген табыстарынан сыр шертетін деректер мен суреттер, түрлі бұйымдар



қойылған.

Жоғарыда аталған көрменің ашылуына "Баян Сұлу" кондитер фабрикасының жалпы мәселелер бойынша директоры Александр Пильский қатысып, сөз сөйледі.

Оның айтуына қарағанда, елімізде кондитерлік өнім өндіретін

мүйізі қарағайдай ірі кәсіпорындар баршылық. Олардың ішінде алдымен ауызға ілігетіні "Рахат", "Баян сұлу", Қарағанды кондитер фабрикасы. Бүгінде олар Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан мемлекеттерін тәтті өнімдерімен қамтамасыз етіп келеді.

Сондай-ақ, жыл сайын Ресейге 60 мың тоннадан астам кондитерлік өнім жөнелтеді. Бастысы, қалың ормандай Қытай халқы біздің тәттілерімізге құмарта бастады.

СУРЕТТЕ: көрмеде. Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

Облыста тағы екі басқарманың құрылымы жанданады

Нұрболат
МЕШІТБАЕВ

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында халық қалаулылары бұған дейін республикалық ведомствоға тиесілі мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және жерді қорғау, пайдалану мен бақылау

басқармаларын енді тікелей облыс әкімдігіне қарайды деп шешті.

Сондай-ақ, өңірде азаматтық хал актілерін тіркейтын (АХАЖ) орынның да осыған сай мәселесі қаралды. Әділет министрлігіне қарайтын бұл мекеме бұдан кейін қала, аудан әкімдерінің құзырына өтіп, жергілікті жер әкімдігінің мемлекеттік-құқықтық бөлімі қатарына кіреді.

Ал, тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылығы (ТКШ) басқармасына өңірдің өнеркәсіп қауіпсіздігі мәселелерінің қызметі берілсе, табиғатты пайдалану басқармасына тағы да қосымша 21-ге жуық қызмет жүктелді.

Бұл ақпараттың барлығын мәжіліске қатысқан облыс әкімінің бірінші орынбасары Евгений Аман тәптіштеп түсіндіріп берді. Енді әкімдіктің алдында үлкен міндеттер тұрғандығын да жеткізді.

Көпбалалы ананың алғысы



Біздің аудан үшін жақсылықтың жаршысы болған жылқы жылы тарих қойнауына еніп, өзінің ынтымағы мен берекесін ала келген қой жылы отбасының берекесін көлтіріп, алты баласына аналық махаббаты мен жан жылулығын сыйлай білген көп балалы ана Жансая Кәмешова облыс әкіміне деген шексіз алғы-

сын зор қуанышпен білдіруде.

Себебі, облыс әкімінің Жаңа жылдық құттықтау хатын және балаларға арналған мерекелік базарлықтармен бірге 100 000 теңге ақшалай сыйлығын аудан әкімі Асқарбек Кенжеғарин орталық алаңға Жаңа жыл мерекесін қарсы алуға жиналған аудан жұртшылығының алдында табыс

етті.

Бұл, әрине, Жансая мен оның балалары үшін күтпеген тосын сый болды. "Біз анамыздың алдында борыштымыз қолымыздан келгенше жәрдемдесіп, өкеміздің жоқтығын білдірмеуге тырысамыз. Егер өкеміз тірі болғанда Жаңа жыл мерекесін бірге қарсы алып, осы бір тамаша сәтті бірге атап өтер едік... Мен облыс әкімі Нұралы Мұстафаұлына дән ризамын. Бізді елеп-ескеріп, Жаңа жылдық сыйлықтар берді. Ол кісінің сенімін ақтап, сабақты жақсы оқып, елімнің патриоты болуға уәде етемін. Сонымен қатар анама, бауырларыма қолқанат боламын", – дейді Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің 5 сынып оқушысы, ұлдың үлкені Ербол Орынбасарұлы.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ. Жанкелдин ауданы.

СУРЕТТЕ: аудан әкімі А.Кенжеғарин облыс әкімі атынан сыйлық тапсыруда.

● БАУЫ БЕРІК БОЛСЫН!

Сәбиі сондай сүйкімді

Мешіт
ҒАЗИЗ

Газетіміздің қой жылындағы бірінші санында алғаш өмір есігін ашқан сәбилер жөнінде ақпарат шыққан болатын. Шағын хабарда өмірге сәби әкелген жас ана Елена Ткаченко мен қызы Настяның суреті басылған еді. Газет ұжымы жақында қуанышқа кенелген отбасында болып, жас ана мен балаларына шағын сый-сияпат жасады.

Облыс баспасөзінің қарашаңырағы "Қостанай тағы" газетінің игі қадамына шексіз ризашылығын білдірген жас ана өз алғысын айтты.



Басшы қызметінен босатылды

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Қостанай облысы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті басшысының міндетін атқарушы Қ.Ерденов қызметінен босатылды. Бұл туралы облыстық прокуратурада өткен брифингте мәлім болды.

Облыстық прокуратураның 1-ші басқарма прокуроры А.Сыздықовтың айтуынша, 2015 жылдың 8 қаңтарындағы ҚР Ұлттық экономика министрлігі хатшысының бұйрығымен Қостанай облысы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицен-

зиялау департаменті басшысының міндетін атқарушы Қ.Б.Ерденов сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін лауазымынан босатылды. Ал, осы іске қатысы бар Қостанай қаласы әкімінің орынбасары В.Полешконың амбулаториялық емдеуде жүргеніне байланысты төртіптік жауапкершілікке тарту мәселесі кейінге қалды.

Естеріңізге сала кетейік, Қостанай қаласындағы КСК шағын ауданындағы жаңадан бой көтерген Қайырбеков көшесіндегі 371/1 үйдің тұрғындары 8 ай бойы көгілдір отынсыз отырғаны туралы газетімізде көтерілді.

– "2013 жылдың 20 желтоқса-

нында Қ.Ерденов мемлекеттік қабылдау комиссиясының төрағасы бола отырып, Қостанай қаласы Қайырбеков көшесі, 371/1 мекенжайында салынған тұрғын үйді қолданысқа беруге, яғни мемлекеттік қабылдау туралы актіге қол қойған. Сөйтіп газ қосылмай-ақ іс жүзінде дайын болмаған объектіні қолданысқа берген. Шенеуніктердің салғырттығынан 26 пәтердің тұрғындары 8 ай бойы көгілдір отынсыз отырды. Өткен жылдың қараша айында облыстық прокуратураға пәтер иелерінің атынан ұжымдық арыз келіп түсті. Прокуратура өкілдерінің араласуынан кейін ғана газ берілді, – дейді А.Сыздықов.



Ынтымақтастық аясында

Облыста. Өңіріміздегі кәсіпкерлер палатасы іскерлік ынтымақтастық орнату мақсатында Үрімші қаласындағы (ҚХР) "Huaht International" консалтингтік бизнес-компаниясымен әріптестік келісім жасасты. Қол қойылған құжатқа сәйкес екі елдің кәсіпкерлері тікелей іскерлік байланыста болып, стратегиялық инвесторлар іздестіру барысында бір-біріне белсенді түрде көмектеседі. Жаңа бірлескен кәсіпорын ашуға, Қазақстан мен Қытай нарығына тауарлар мен қызмет көрсетудің жылжытылуына келісті.

"Жастар – Отанға!"

Облыста. "Жас Отан" жастар қанаты қостанайлық филиалының белсенді мүшелері ардагерлерге қолғабыс етті. Ерікті жастар қаладағы майдангер Ф.Мельниковтың денсаулығын тексеріп, үйдің ауласын қардан тазалап берді.

Бұл бастама "Нұр Отан" партиясының "Жастар – Отанға!" жобасы аясында жүзеге асуда. Аталмыш акция қыстың соңына дейін жалғаспақ. Жастар өңірге қарасты барлық қала, аудандардағы ардагерлерге көмек көрсетеді.

Қабылбаевтың есімі берілді

Облыста. Мемлекет және қоғам қайраткері, ішкі істер генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбаевтың есімі Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Қостанай академиясына берілді. Айтулы тұлға екі рет Қазақ КСР Ішкі істер министрі болған, Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен, басқа да медальдармен марапатталған. Оның өмірлік жолы – академияда білім алып жатқан әр тыңдаушыға үлгі-өнеге болары анық.

Бейне сабақ өтті

Қостанай қ. Ы.Алтынсарин мемориалдық мұражайында "Дені саулық – жаны сау" деген тақырыпта педагогикалық колледждің студенттері үшін бейне сабақ өтті. Жасөспірімдерді салауатты өмір салтына баулу мақсатында ұйымдастырылған шараға төртіп сақшылары, спортшылар қатысты. Шара соңында балаларға денсаулық пен спорт жайлы фильм көрсетілді.

ҰБТ-ға дайындық

Сарыкөл. Ауданда Ұлттық бірыңғай тестілеуге әзірлік жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Нәтижесінде, балалардың білім деңгейі 73,50 ұпайға жеткізілген. Бұл туралы өңір бойынша ҰБТ-ның директоры В.Стародуб айтып берді. Оның айтуынша, аудан мектептерінің ішінде Маяк, Чехов, Тимирязев, Весело-Подол, Тәгіл және №1 Урицк орта мектептері көш бастап тұр. "Алтын белгіге" үміткерлердің саны бесеу.

Еске алу турнирі

Жанкелдин. Шеген ауылында Торғайды түлеткен тұлға Ж.Қосабаевтың құрметіне арналған волейбол мен дойбы ойындарынан еске алу турнирі тартысты өтті. Турнирдің ашылу салтанатында сөз алған ауыл әкімі Ж.Сабыржан айтулы тұлғаның өмір жолдарына қысқаша тоқталып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Турнирге қатысқан жеті команда ойын дәрежесін өз деңгейлерінде көрсете білді. Сонымен 1 - орынды әкімшілік командасы, 2 - орын жастар, 3 - орынды студенттер тобы місе тұтты.

Хоккейден жарыс өтті

Аманкелді. Аудан орталығындағы Аманкелді орта мектебінің базасында қысқы спорт түрі – хоккейден жарыс өткізілді. Жарысқа Аманкелді, Ы.Алтынсарин, Б.Қолдасбаев орта мектебінің оқушылары мен мұғалімдері, спорт ардагерлері қатысты. Жарысқа аудан мектептерінің дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдері төрешілік жасады. Қатысқан командалардың ұпай көрсеткіштері бойынша Б.Қолдасбаев орта мектебі І, Ы.Алтынсарин орта мектебі ІІ, "Жастар" командасы ІІІ орындарды иеленді.

Мамандар ескертеді

**Шұға
ҚОҢҚАБАЙ**

Қостанай облысы төтенше жағдайлар департаменті облыс жолдарында болған төтенше жағдайлардың алдын-алу мақсатында баспасөз конференциясын өткізді.

Қостанай облысы Төтенше жағдайлар департаменті төтенше жағдайларды жою бөлімінің бас маманы А.Темиров "13-14-қаңтар күндері ауа райы күрт бұзылып, боран соғатынын ескерттік. Барлық авариялық-құтқару қызметтері күшейтілген режимде жұмыс істеді. Республикалық және жергілікті маңыздағы "Алматы-Екатеринбург" "Қостанай-Сарыкөл", "Қостанай-Әулікөл-Сурган" тасжолы, "Мамлютка-Қостанай", "Арқалық-Торғай", "Ұзынкөл-Сарыкөл", "Қостанай-Введен" жолдарының жол қозғалысы уақытша жабылды. Облыстық авариялық-құтқару қызметі жүргізген құтқару операциялары сәтті өтті", — деді.

Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың желтоқсан айында ашылған Алтынсарин ауданы Щербаков поселкесі маңында облыстық трассалық медициналық-құтқару пункті жұмыс істейді. Мамандар қыс маусымында жолда жүру ережелерін сақтап, алыс жолға жалғыз жолаушылап шықпауды ескертеді.

Ардагер кітапханашылар марапатталды

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының атынан кітапхана тарихында тұңғыш рет ардагер кітапханашылар "Кітапхана ісінің ардагері" төсбелгісімен марапатталды.

Қаладағы №2 облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының оқу бөлімінде марапат иелерін әріптестері және оқырмандардың қатысуымен қала әкімі Ғ.Бекмұхамедов құттықтады.

Ғазиз Ерболатұлы жергілікті кітапхананың бай кітап қорына назар аударып, өзінің кітапты сүйіп оқитынын, бос уақытын сирек кітаптарға арнайтынын айтты.

Қала әкімі қолынан "Кітапхана ісінің ардагері" төсбелгісін алғандар: аталмыш кітапхана директоры А.Нұрманова, бөлім басшысы А.Ермағамбетова, сектор меңгерушісі Е.Ершов.

Кітапхана ісінің ардагерлеріне төсбелгісімен қоса, арнайы нөмірленген куәліктер тапсырылды.

Арқалық қаласы.

Экстремизм мен терроризмге шатылғандар елге кіргізілмейді!

Бұдан былай елімізге келетін шетелдіктердің лаңкестік пен экстремизмге қатысы бар нышаны байқалса ел аумағына кіруге тыйым салынады. Бас прокурордың орынбасары Жақып Асанов "Бұл норма Экстремизм мен терроризмге қарсылық мәселесі бойынша заңдағы өзгертулерге негізделген", — деп мәлімдеді. Оның сөзінен ұлттық қауіпсіздік комитеті осы заң жобасы аясында экстремистік ұйымдар мен лаңкестер тізімін жасайтындығы мәлім болды.

Ш. АҢСАҒАНҚЫЗЫ.

Балалар салған суреттер

**Гүлназым
САҒИТОВА**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі балалардың құқығын қорғау комитеті "Қазпошта" акционерлік қоғамымен бірлесе отырып, "Қазақ ертегілерінің кейіпкерлері" тақырыбында "Балалар сурет салады" айтты төрт марка топтамасын айналымға енгізу салтанатын өткізді.

Балалардың құқығын қорғау комитеті балалар үйінің тәрбиеленушілері арасында "Қазақ ертегілерінің кейіпкерлері" тақырыбында сурет салу байқауын ұйымдастырған-ды. Байқау Қазақстан Республикасының балалар құқығын қорғау туралы конвенцияны ратификациялаудың 20 жылдығымен ұштастырылды. Оған еліміздің барлық өңірлеріндегі балалар үйі тәрбиеленушілерінен 200-ден астам сурет келіп түсті. "Қазпошта"АҚ байқау жеңімпаздарының суреттерін пайдалана отырып, "Балалар сурет салады" атты төрт марка топтамасын шығарды. Байқаудың қорытындысы бойынша Жамбыл облысынан Дмитрий Талипов, Батыс Қазақстан облысынан Эльвира Муштубаева, Қостанай облысынан Александр Сидоров, Астана қаласынан Раиса Василенко жеңімпаз атанды.

Үлгі көрсеткен елші

Үстіміздегі жылдың 12 қаңтарында Қазақстан Республикасының Аустриядағы Елшісі, Венадағы халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстанның тұрақты өкілі Қайрат Сарыбай Любляна қаласында Словения Республикасының Президенті Борут Пахорға Сенім грамоталарын табыс етті" деп жазады ҚР Сыртқы істер министрлігі.

Кездесу барысында қазақстандық дипломат словен көшбасшысына Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың сәлемін жеткізген. Қ.Сарыбай Қазақстанның екі ел арасындағы инвестициялардың кеңеюіне мүдделілігін, словениялық компаниялардың қатысуы үшін тиімді алаң болып табылатын Астанада өтетін халықаралық мамандандырылған "ЭКСПО-2017" көрмесінің маңыздылығын баса атап өтті. Сонымен қатар, "Нұрлы Жол" жаңа экономикалық саясаты мен индустриалды-инновациялық бағдарламаның екінші кезеңі словения компанияларының ҚР индустриалдық жобаларына қатысуына жаңа серпін беруі туралы айтты.

Өз кезегінде, Б.Пахор Қазақстан Президентінің жылы лебізіне алғысын білдіріп, Люблянаның қазақстан-словен қатынас-



тарына үлкен мән беретінін жеткізді. Словения Президенті екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастыққа жоғары баға беріп, оны дамытуда айтарлықтай әлеуеттің бар екендігін атап өтті. Ерекше назар екі ел арасындағы ғылыми және мәдени алмасулар мәселелеріне бөлінді.

Кездесу соңында Словения Президенті Б.Пахор Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа ізгі тілектерін білдіріп, Елбасына ыңғайлы уақытта ресми сапармен Словенияға келуге шақырыпты.

Айта кететін жайт, шетелдік басшымен кездесу барысында Қайрат Сарыбай басқа шенеуніктерге үлгі боларлық бастама көрсетіпті. Елші сенім грамоталарын Б.Пахорға қазақтың ұлттық киімін киіп тұрып тапсырған. Бұны шетелдіктер арасында ұлтымыздың ерекшелігін асқақтатқан игі іс деп бағалауымыз керек.

Қыдырбек ҚИЫСҚАНҰЛЫ.

Сурет ҚР Сыртқы істер министрлігінің ресми сайтынан алынды.

● ҚЫС ҚАРЕКЕТІ

Көшелер қардан тазартылды

**Ермекбай
ХАСЕНОВ**

Биыл ауа райы жиі-жиі құбылып, борандатып тұр. Соған байланысты қала көшелерінде қар көбейетіні белгілі. Бұған жол беруге болмайды. Себебі, асфальт үстінің қары қалыңдап кетсе, автокөліктердің жүруі қиындайды. Тіпті, жаяу жүргіншілер де қалың қарды омбылап, адымдай алмай қалады.

Толғақты мәселе шешімін табуда. Қалада тазалықты сақтап, тәжірибе жинаған ұйымдар ұжымы білек сыбанды. Олардың саны төртеу. Бұлар — "Таза Жол АТ", "АБЗ плюс", "Вескор" және "Экол" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері.

Мердігерлік ұйымдар қаланың жеке-жеке учаскелерін меншіктеніп, жауапкершілігіне алды. Мәселен, "Таза Жол АТ" серіктестігі қаланың орталық бөлігінде, "АБЗ плюс" серіктестігі қаланың оңтүстік аймағында, сонымен қатар Аманкелді, Дружба, Ударник, Қонай елді мекендерінде, "Вескор" серіктестігі қаланың солтүстік тұсында, "Экол" серіктестігі қаланың жағындағы учаскеде жұмыс істеуде.

Шындығына келгенде, бұлардың қай-қайсысына да жүктеген міндеттеме жеңіл емес. Атап айтқанда, жолдардың күн сайын қарын қолмен күрегендей тазарту айтуға ғана оңай. Жұмыстарды қолмен атқаруға 200-250 адам жұмылдырылған. Олар таңғы сағат жетіден күндізгі үшке дейін дамыл таппайды. Егер адам күші жетіспесе, кезекші топ іске кірісіп, түнгі 22.00-ге дейін жұмыс істейді.

Әрине, қарды үйіп, автокөліктерге тиеу техника күшінсіз атқарылмайтыны белгілі. Мердігерлік ұйымдар мұны да ескерген. Облыс орталығында күндізгі уақытта тасымалдауға жиырмадан қырыққа дейін автокөлік бөлінген. Механикаландырылған жұмыстар тез және сапалы күйде жүргізіледі. Қарды көліктерге тиеуге арнайы тиегіш механизмдер пайдаланылады.

Қарбалас жұмыстардың сапалы атқарылуы күн тәртібіне қойылды. Серіктестіктердің жұмысын



қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі бақылайды. Олар көше жолдарын ғана емес, көпшілік жиналатын қоғамдық орындарды да қардан тазартудың жүйелі түрде жүргізілуін ұйымдастырады.

Жалпылай алғанда, көшелерді және қоғамдық орындарды қалың қардан, қалдық заттардан тазартуға қала бюджетінен үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында 340 миллион теңге ақша жұмсалмақ.

СУРЕТТЕРДЕ: қаланы қардан тазартушылар. Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● КЕЛЕЛІ СҰХБАТ

Қуат БАЙМЫРЗАЕВ:

Педагогтік тәрбиенің ең құндысы – АДАМГЕРШІЛІК

"Қостанай таңының" сауалдарына орай Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, ғылым докторы, профессор Қуат Баймырзаевтың сұхбаты.



– Қуат Маратұлы, өзіңіз басқарып отырған білім ордасы өткен жылы 75 жылдық мерейтойын атап өтті. Педагог кадрларын дайындауда бұл оқу орнының солтүстік өңірдегі бірден-бір жетекші білім шаңырағы екендігі әмбеге аян. Жарты ғасырдан астам тарихы бар институттың жеткен жетістігі жайында ой өрбітсеңіз.

– Сөзіңіздің жаны бар. Бұл мақтанғандығым немесе мақтағандығым емес. Бұған инсти-

едік. Соның ішінде ұлтқа, елге қатысты жайттар педагог маман дайындап отырған бізге ерекше әсер етті. Ел болашағы жастар, тәлім-тәрбиеге байланысты пікірлерін, қазақ тарихына қатысты тұжырымын оқу ордамызда талқылап, "Мәңгілік ел" идеясын қолдау мақсатында үлкен бір жобаны бастап та кеттік. Осы арқылы жас маман иелеріне патриоттық тәрбие беріп, мемлекетіміздің ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етіп, "Мәңгілік

сында ұлтымыздың ұлы ұстазы Ыбырай Алтынсарин тұр. Біз Ыбырай атамның мұраларын жаңа бір қырынан, қазіргі заман тұрғысынан зерттеуді мақсат тұтып арнайы Ыбырай Алтынсарин орталығын, дөрісханасын аштық. Бұған сүбелі үлес қосып отырған ғалымдар – Серікбай Оспанов, Қуаныш Орманов ағаларымыздың ерен еңбегін атап өткеніміз абзал болар. Соған сай құнды құнды деректер тауып, Ыбырай орталығын жаңарта түстік. Осы бағытта биылдан бастап барлық факультеттерде Ыбырайтану курсы оқытпақпыз. Оған арнайы оқу-әдістемелік құралдары әзірленіп жатыр. Сәтін салса, биыл жарық көреді. Тағы бір игілікті дүние – жыл аяғында қолда бар жәдігерлерімізді түгендеп, ғылыми еңбектерімізді жүйелеп институт ішінде Ыбырай Алтынсаринге арналған бір кішігірім музей ашақ ниеттеміз.

– Жақсы жаңалық екен. Игілігін берсін демекпіз! Енді институттың сыртқы ісіне ойыссақ. Шет елдердің оқу орындарымен арадағы байланыс қандай деңгейде?

– Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздегі барлық оқу орны жаңа білім стандартына көшті. Әсіресе, соңғы 10 жылдың ішінде бұл жағдай күрт өсе түсті. Көптеген білім ордалары шет елмен қарым-қатынас орнатып, тәжірибе алмасты. Сол бағытта біздің институт те Франция елімен қарым-қатынасты нығайтып, Прпеньян қаласындағы екі университетпен меморандумға қол қойды. Шәкірттеріміз мемлекет қаржысы есебінен арнайы байқаудан өтіп, сол жаққа барып білім алып, тәжірибе алмасып, көрген-білгендерін тәжірибеде байқатып жүр. Сондай-ақ, жақында АҚШ-тың Верджиния штатына да шәкірттерімізді жібердік. Биылдан бастап Чехия, Германия, Ресей жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатынаста боламыз деп отырмыз. Санкт-Петербургтегі Герцен атындағы университетпен келісімге келдік. Жаңа ғана

айтқан Франция еліндегі Прпеньян қаласындағы университетпен келісімге келгеніміз 2007 жылы институт жанынан ашылған Қазақ-Француз орталығының жемісі. Бұған Қазақстандағы Франция елшілігі қолдау білдірді.

Қазір әр мемлекет қиын экономикалық дағдарысты бастан кешіп отыр. Елбасы өзінің көрегенділігінің арқасында осы кедергілерден өтіп, саясаттан бұрын экономиканы басты назарға алғаны сондықтан. Ең алдымен бұған дайын болу үшін ең алдымен мемлекет өзінің мәртебелі жағдайын се-

отыр. Егер ғалымдар құптап жатса, "ЭКСПО-2017" көрмесіне өнерін көрсетуге дайын.

– Естүімізше, биыл мемлекеттік "Серпін" бағдарламасы негізінде институтқа еліміздің оңтүстік облыстарынан 150-ге жуық талапкер қабылданыпты. Бұл бағдарлама қандай себептен туды? Ол қаншалықты орындалып жатыр?

– Бұл бағдарлама өңірімізде қазақ тіліндегі мамандардың тапшылығынан туындап отыр. Еліміздің оңтүстік облыстарында қазақ ұлты басым әрі өте тығыз орналасқан. Осы жайтты білгендіктен мемлекет арнайы бағдарлама қабылдап ілгері қадам жасауда. Соның негізінде арғы жылдан бері оңтүстік өңірден студенттер келіп, білім алып жатқаны бар. Олардың 90% өңірімізде қалып, еңбек етуге ниетті. Бір жағынан бұл өңірде мемлекеттік тілді дамытуға деген қадам. Алыстан ат арытып келіп, білім алып жатқан жандардың хал-ахуалын сұрап, ара-тұра кездесіп тұрамыз. Өңіріміздің климаттық жағдайын ескере отырып, алаңдаушылық білдіреміз.

– Қуат Маратұлы, әлгіңде өзіңіз айтқандай, Ыбырай Алтынсарин мұраларын зерттеу орталығынан басқа да ғылыми бағытта жұмыс істейтін ошақтарыңыз бар ма?

– Әрине бар. Мәселен, биология орталығының екі бағыты бар – алғашқысы Наурызым қорығын зерттеуге үлес қосқан лаборатория және гербарий өсімдіктеріне байланысты қор. Оны гербарлық қор дейміз. Бұл қордың ішіне өңіріміздегі бірнеше жүздеген өсімдік түрлері енген. Оны өзіміздің интернет-порталымызға жарияладық. Болашақта Ресей мемлекеттік оқу ордаларымен бірлесіп отырып Еуразиялық аймақтың өсімдіктерін зерттеп, сол гербарлық қорға енгізбек ниеттеміз. Тағы да дене тәрбиесі және туризм факультеті адам физиологиясының өсуі, дамуы жайында ғылыми ой-тұжырымдарын жинақтап, зерттеу жүргізіп жатыр. "Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады", – деп Абай Құнанбайұлы айтқандай, біз жас буынға педагогтік тәрбиенің ең асылы – адамгершілікті сіңіре білуіміз керек.

– Уақыт бөліп әңгімелескеніңізге рақмет. Игілікті істеріңіз жалғаса берсін!

Әңгімелескен,
Нұрболат МЕШТБАЕВ.

СУРЕТТЕ: Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Қуат Баймырзаев, Ыбырай Алтынсарин мұраларын зерттеу орталығының маманы Қуаныш Орманов Ыбырайдың өз қолымен жазған өлеңімен таныстыруда, ғылыми орталықтағы құнды жәдігер Ыбырай Алтынсариннің өз қолымен жазған өлеңі.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



туттың осы аралыққа дейінгі жеткен жетістігі, оған үлес қосқан ғалымдарымыздың еңбегі ұшан теңіз екендігін айтқым келеді. Рас, республикалық деңгейде оқу орнымыздың бәсі жоғары. Бұл ең алдымен, біздегі оқу үрдістерін, ғылыми зерттеу орталықтарының атқарған қыруар еңбегін көрген комиссияның берген бағасы.


Өзіңіз жақсы білесіз, біз өткен жылы 75 жылда жасалған еңбектерімізді қорытындылап, республикалық деңгейде ғылыми конференция да өткіздік. Енді алда тұрған бағдарламаларымызды айқындап, жоспарлы түрде сол бойынша еңбек ету ләзім. Әсіресе, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа арнаған "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" стратегиялық жолдауында біз үшін көрсетілген барлық міндеттерді орындау шарт. Жолдауға дейін Президенттің қасиетті Ұлытау жерінде берген сұхбатында айтылған барлық ойларды басты нысанамызға алған

елдің" формуласы – ынтымақта өмір сүру екендігін саналарына сіңіру еді.

Сондай-ақ, биыл ұлық мерекеміз – Қазақ хандығының құрылғанына 550 жылдығын атап өткелі отырмыз. Одан кейін Конституциямыз бен Ассамблеямызға 20 жыл. Міне, осы атаулы күндерімізге біз студент жастарды бүгіннен бастап даярлап, олардың санасына патриоттық сезімді қалыптастыруға еңбек етудеміз.

– Бәрекелді! Бұл бағыттағы жұмыстарыңызға сәттілік болсын! Қарап отырсаңыз осынау жұмыстарыңыздың барлығы руханиятқа кеп тіреледі. Біз руханиятсыз болашақ ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелей алмаймыз. Мұны кезінде Алаш жұртының қайраткерлері айтқан-ды. Енді осы руханият саласында қандай жұмыстар атқарылып отыр? Соған тоқталып кетсеңіз.

– Әлгіңде сауалыңызда Алаш қайраткерлерін айтып кеттіңіз. Сол Алаш қайраткерлерінің ба-



зінү керек. Оған ең алдымен оқу орындарымыздың барлық талапқа сай болғаны жөн.

– Қуат Маратұлы, енді екі жылдан кейін "ЭКСПО-2017" халықаралық көрмесі Елордамыз – Астана шаһарында өтпек. Бұған өзіңіз басқаратын оқу ордасы қандай үлес қосуда?

– Бұл жағынан құр алақан емеспіз. "ЭКСПО көрмесі өтеді" дегеннен бері студент жастарымыз бұған құлшына кірісіп кетті. Соның нәтижесінде арнайы бөйге жариялап, жасыл экономика, қоршаған ортаны қорғау бағытында туризм мамандығында оқитын студентіміз топ жарды. Ол қазір ғылыми еңбегін әлі де жаңартып, толықтырып республикалық жарысқа әзірленіп

● КӘСІП ПЕН НӘСІП

Қоян өсіріп-ақ қыруар пайдаға кенелуге болады. ағайынды Марановтардың осындай тың бастаманы қолға алды. Олар кәсіптерін өрбітуге жасалған жағдайға дән риза. Қазы-қарта мен құйрық-бауыр барда қоянның еті кімге керек дейміз ғой. Сөйтсек, керек екен. Оны қалаларда ерекше ас дайындайтын, түрлі дәмханалар үлкен сұраныспен алатын көрінеді.



ТӘУЕКЕЛ - тас жарарды

Мешіт
ҒАЗИЗ

Ағайынды кәсіпкерлер Естай, Әділ және Талғат үшеуі алғашында көптеген бизнес-жоспарларды шолып отырып, ұзынсонар тізімнің ішінен кәсіптің осы түрін таңдап алған. Ойлана келе жергілікті жұмыспен қамту орталығының септігімен, бағдарлама арқылы үш миллион теңге көлемінде несие алады.

Үлкен ағалары Естайдың айтуынша, шаруашылықты дөңгелетіп өкету әу баста қиын соғыпты. Не болса да, тәуекелге бел буған іскер жігіттер алдымен қоянға арналған қораптарды дайындауға кіріседі. Үкіметтен несиеге алған қаржыға ағаш кесетін құрал-жабдық, тақтай, темір торкөздер сатып алып, қабат-қабат қоян қора салады. Сосын ұрғашы қояндарды іздеуге кіріседі.

– Жан-жақтан сұрау салып отырып, асыл тұқымдысынан, етті, салмақты

түрлерін таңдап әкеле бастадық. Солайша қолымыздағы ұрғашы қоян саны отызға жетті. Бағалары да арзан емес. Қояндар ай сайын туады. Кейде алты, тіпті 12 көжекке дейін төлдейді, – дейді Әділ ағасының сөзін жалғай түсіп.

Жылдам көбейетін жануардың пайда әкелетіні де заңдылық. Кәсіпкерлер қоянды төрт ай ғана бағады екен. Осы кезде қоян нағыз бабына келіп, едәуір салмақ жинайды. Бордақыдағы қояндар бөлек бағылып, сатылымға дайындалады. Бір қоян 2-2,5 келі ет береді. Жас кәсіпкерлер дайын етті Қостанай, Көкшетау, Астана қалаларындағы мейрамханаларға өткізеді. Етке тұрақты сұраныс беретін мейрамханалар да бар екен. Олармен келісім-шартқа отырып, ай сайын қалағандарынша қоян етін жеткізіп беріп отыратын ағалы-інілілердің жұмыстары да жүйелі, әрқайсының өздерінің атқаратын міндеттері айқын.

Жақында қытайлық кәсіпкерлер олар-

дан қоян етін көңілге қонымды бағаға сатып алмақшы болыпты. Ол жақтан тіркемесі бар жүк көлігімен келетінін естігенде ерекше қуанғандарын жасырмады. Қорадағы 400-500 қоянды асырау үшін де қыруар күш-қайрат керек. Бидай, арпа, сұлы, басқа да дәнді дақылдардан жасалған жемді талғамай жейтін бұл кеміргіштерге күніне бірнеше шелек арнайы азық беріледі. Қоян жылдам көбейіп, тез өскенмен, өте нәзік жануар. Жігіттер бастапқыда ауырған қояндарын алып, жергілікті мал дәрігерлеріне барғанда, ол жердегілер: "Балам, жылқыңды, сиырыңды әкелсең емдер едік, қояныңды білмейді екенбіз" деп шындырын айтыпты. Қоян өсіру үшін өзіңнің егіп отырған егінің, жем-шөп қорың мол болуы керек.

Әйтпесе, сатып алып берген жеміңмен, айтарлықтай табысқа жету қиын. Өзірге дайын өнім ет қана. Терісі көдеге аспай тұр. Сән үйлері, тағы басқа тігін

цехтары өңделген теріні ғана қабылдайды. Оны өңдеу үшін біліктілік пен арнайы аспаптар қажет. Кәсібін енді бастаған кәсіпкерлерде ондай мүмкіндік қайдан болсын? Ағайындылардың ендігі мақсаты – сол үйіліп жатқан теріні көдеге жарату, ол үшін Ресейден арнайы құрылғы сатып әкеліп, теріні үлбіретіп өңдеуді армандайды. Қазіргі теріні тек қана илеуден басқа, оны химиялық жолмен мұнтаздай етіп тазартып, жүнін жылтыратып бояу сияқты заманауи әдістері бар. Олар болашақта тері өңдеуді меңгеріп алса, түрлі сәнді ішіктер, бас киімдер тікпекші.

– Бүгінде бизнеске онды жағдай жасалған. Жұмыспен қамту бөліміне үлкен алғысымызды білдіреміз, олар біздің әрбір қадамымызға қолдау көрсетіп отыр. "Жұмыспен қамту – 2020" бағдарламасының екінші бағыты бойынша берілетін несиені де еш кедергісіз алдық. Қазір жатсақ та, тұрсақ та босқа ысырапталып, пайдаланусыз жатқан теріні көдеге жаратуды ойлаймыз, – дейді жас кәсіпкерлер.

Қазіргі таңда олар атқарушы биліктің тұрғындарға үлгі етер азаматтары. Өрине, бұл жайт бастамашыл ағайындыларды одан әрмен шабыттандырады сөзсіз.

Жол ережесін білесің бе?



Үстіміздегі жылдың 7 қаңтарынан бастап жаңа жол жүрісі ережелері қолданысқа енді. Жаңа ереже жол қауіпсіздігін сақтауға, жол жүрісіне қатысушылардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Қалың көпшілік ережелерді жан-жақты талқылап жатыр. Жол-патруль полициясы қызметкерлері де алдын алу жұмыстары барысында заң талаптарына түсінік беріп, жүргізушілермен әңгіме өткізуде. Тәртіп сақшылары тоқтатқан көліктің жүргізушісі Сағындық Сүндетов (суретте) жаңа жол жүрісі ережелерін телефонына көшіріп жазып алып, оқып-біліп жүргенін айтты. Полиция қызметкерлері алдымен заңға түсінік жұмыстарын жүргізіп, кейін оның орындалуын талап ететін болады.

"Қостанай облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы" ММ (110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 66, кабинет 508, анықтамалар үшін телефон: 8 (7142) - 575-192, факс 575-353 электрондық мекенжайы (N.Kairbekova@qostanay.gov.kz) "Б" корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

1. Талдау және мониторинг бөлімінің бас маманы (негізгі қызметкердің баланы күту бойынша демалысының мерзіміне, еңбек ақының сақталуынсыз) (Д-О-4 санаты) – 1 бірлік, лауазымдық жалқысы еңбек еткен жылдарына байланысты – 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Өңірдегі қоғамдық-саяси ахуалдың күн сайын, ай сайын, тоқсан сайын және жыл сайынғы мониторингін ұйымдастыру, мониторинг қорытындылары бойынша ақпараттық-талдамалы материалдарды дайындау. Қоғамдық пікір көшбасшыларының мәліметтер базасын құрастыру және жаңарту. Бөліммен өткізілетін ірі қоғамдық-саяси оқиғаларға арналған өңірлік іс-шаралардың, әдістемелік семинарлардың дайындығы мен өткізуіне қатысу.

Ішкі саясат мәселелері бойынша қалалар және аудандар әкімдіктерінің ішкі саясат бөлімдерімен, басқа жергілікті мемлекеттік органдармен және қоғамдық пікір көшбасшыларымен азаматтық қоғамның институттарымен өзара іс-қимылы. Жоғары тұрған органдарға кестеге сәйкес есептік ақпараттарды уақытылы, сапалы дайындау және ұсыну.

Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар: Жоғары: әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (дінтану, экономика, мемлекеттік және жергілікті басқару), гуманитарлық ғылымдар (тарих). Ортадан кейінгі білім: әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (дінтану, экономика, мемлекеттік және жергілікті басқару), гуманитарлық ғылымдар (тарих).

Мемлекеттік қызмет етілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс етілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасы Президенті туралы" Қазақстан Республикасы-

ның конституциялық заңын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін басқа да міндетті білімдер қажет.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландырудың соңғы жарияланған сәтінен бастап 10 жұмыс күні ішінде "Қостанай облысы әкімдігінің ішкі

саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжай бойынша: Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 66, 508 к. ұсынылуы қажет.

Азаматтар жоғарыда санамаланған құжат тіпелетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарын электрондық түрде хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқаларын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірілмей береді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар, оны "Қостанай облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесінде, олардың әңгімелесуге жіберілуі туралы хабарлау сәтінен бастап 5 күн ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірілмей Қостанай облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасының кадрлармен жұмыс жасау бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар Қостанай облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасының кадрлармен жұмыс жасау бөліміне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу жөніндегі шығыстарын (әңгімелесу өтетін орынға және кері жол жүрісі, тұрғын үйлік орынжайын жалдау, тұру, байланыстың барлық түрлерін пайдалану) өз қаражаты есебінен жүргізеді.

● ҰЛЫ ЖЕҢІС-70

Отан үшін
от кешкенШәкір Қолдасбаев
туралы әңгіме

Уақыт өткен сайын соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің қатары азайып бара жатыр. Оларға құрмет көрсетіп, ел үшін жасаған ерен ерліктерін еске алу біздің парызымыз. Осы орайда Отан үшін от кешкен азаматтардың бірі Шәкір Айтмағамбетұлы туралы әңгімелемекпін.

Шәкір Айтмағамбетұлымен Арқалық қаласында кездестім. Мінезі тұйық, өте байсалды жан еді. Оның сөйлеген сөзінен-ақ өмір мектебінің қиын-қыстау сатыларынан өткендігі білініп тұратын.

Соғыс және еңбек ардагері Шәкір Қолдасбаев 1913 жылы қазіргі Аманкелді ауданында туған. 1932 жылы Қостанай қаласындағы педагогикалық институт-

тың 2 жылдық курсын аяқтап, мектептерде мұғалім болып қызмет жасаған. 1942 жылы Аманкелді аудандық әскери комиссариаты әскерге шақырып, Свердловск қаласындағы училищеге курсанттық оқуға жіберіледі. Бұл училищені аяқтаған соң, Оңтүстік Батыс майданының рота командирінің саяси бөлімі жөніндегі орынбасарлық қызметіне жіберіледі. 1943 жылдың шілде айынан бастап Харьковтағы танк училищесінің тыңдаушысы, 1944 жылдың қыркүйек айынан бастап соғыс майданында, II Украина майданының механикаландырылған бөлімінің арнаулы құрамында Румыниядағы, Венгриядағы соғыстарға қатысады. 1944 жылдың желтоқсан айында жараланып, Орехово-Зуево қаласының әскери ауруханасында емделеді. 1945 жылдың наурыз айында денсаулығына байланысты әскери қызметтен босайды. Елге келген соң Қарағанды облысының Осакаровка аудандық партия комитетінің хатшысы, Ұлытау ауданында аудандық атқару комитетінің төрағасы, Оңтүстік Қазақстан облысының Шәуілдір және Киров аудандарында аудандық партия комитетінің екінші хатшылық жұмыстарын атқарады. ҰОС-дағы ерлігі үшін Еңбек Қызыл Ту ордені, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы "Германияны жеңгені туралы" медалі, "Тың және тыңайған жерді игергені үшін" үш мерекелік медалімен наградталған. Шәкір Қолдасбаев соғыстан кейінгі жылдары туған жерінде еңбек етіп, 1973 жылы дүниеден озды. Оның артында қалған ұрпағы ата жолын жалғап ұстаздық қызмет етуде. Шәкір Айтмағамбетұлының қызы Зинаида бұл күндері Нәзипа Құлжановадан кейінгі Торғай, Қостанай, Ақмола өңірлеріндегі ғалым қыздарымыздың бірі екенін қалың ел біледі. Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Зинаида Шәкірқызы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында қарапайым оқытушыдан бастап кафедра басқарып, декандыққа дейін көтерілді. Шәкір Айтмағамбетұлының Асқарынан өрбіген ұрпақтар да ұстаздық жолды таңдаған.

Еркін ҚОЖАХМЕТҰЛЫ, еңбек ардагері.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Шәкір Айтмағамбетұлы.

Еңбегі еленіп...

Гүлназым
САФИТОВА

Қанша уақыт өтсе де, қоғам бейнесі өзгерсе де еңбек адамын құрметтеу, олардың сіңірген еңбегін ескеру – үлкен мәртебе болып табылары сөзсіз. Сондықтан да еңбек адамы қандай құрмет, марапатқа ие болса да жарасады. Сондай жандардың бірі – Ұзақбай Ағайдаров. Ұзынкөл ауданындағы "Тойсай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін басқарып отырған Ұзақбай Ағайдаровты тек аудан ғана емес, облыс жұртшылығы да жақсы таниды, біледі. Көп жылдардан бері осы серіктестікті басқарып, жақсы көрсеткіштерге жетіп, ауданның, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, соның ішінде ауылшаруашылығына өзіндік үлес қосып отырған Новопокров селолық округіндегі шаруашылықтың бірі деп айтуға



болады. Міне, осы Ұзақбай ағамыз көп жылғы еңбегі үшін жаңа жыл қарсаңында Қазақстан Республикасы мемлекеттік наградаларының бірі "Еңбек ардагері" медалімен марапатталды.

СУРЕТТЕ: Ұзақбай Ағайдаров.

● НӨМІРДЕН-НӨМІРГЕ

● ЧЕКИСТ ЖАЗБАЛАРЫ

ВЛАДИМИР
АДАМнемесе өмірі ерлікке толы әріптес
туралы әңгіме

Галихан МӘУЛЕТОВ

Күзгі ызғырық желден жапырақтарын жоғалтып жатқан бәйтеректей, сонау сұрапыл соғыста талай қиыншылықтарды бастарынан өткізіп, майдан алаңында Отан үшін қасық қанын төккен нағыз қас батырларымыздың қатары күн сайын азайып барады. Бүгіндері сол қарияларға ыстық сезіммен сый құрметімізді көрсетіп, дәріптеп отырсақ, ол біздің балалық парызымыз болар еді. Бұл ұрпақты Отан сүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі. "Жақсылар жақсымын деп айта алмайды" дегендей, бұл санаттағы ағалардың көпшілігі өз ерліктеріне келгенде сөзге сараң, жалпылама әңгімелерден аспайды. Себебі бүгіндері сол сұрапыл соғыстың жаңғырығы бәсеңсіп, оның орнына баяғы бөленшене түгенше рудан шыққан батырлар мен әулие-лердің аттары жиі естіліп тұрған кез.

Анау бір күндері ҰҚК органының ардагері полковник Даченко Павел Васильевич ерте-ректе естелік ретінде мәшенкемен басып жазған, бірақ та бір себептермен аяқталып, жарық көрмеген, "Аяқталмаған әңгіме" атты жақсы бір әңгімесі бар дегенді естіп едім. Бірақ та үйіне барып сөйлесудің реті түспей жүрген-ді, себебі, сонау қан майдан соғыста басынан алған жарақаттың салдарынан оның қос жанары күннен күнге нашарлап бара жатқан болатын. Жан серігі Валентина Яковлевнадан және қызынан айырылып қалған Павел Васильевич қос немересімен тұрып жатыр дегенді еститінмін.

Бұл кісімен ширек ғасырдан астам уақыт бір мекемеде қызметтес болып едім. Ол бай тәжірибелі, адамгершілігі мол, әділ, мансапқорлық деген сияқты қылықтан алшақ, алдыңғы қатардағы оперативтік қызметкерлердің бірі болатын. Бетің, жүзің демей турасын айтып, әсіресе қаракөз әріптестеріне басшылықтың алдында араша түсіп жатқанының талай куәсі болғаным бар еді. Ол кісінің бұл мінезіне таң қалып, бұл ұлты басқа кісі қазақ жігіттеріне неге соншама шыжмай болады деп ойлайтыным да.

Әлі есімде, бір күні басқарма бастығының кабинетінде Жітіқара бөлімшесінде жедел



өкіл болып істейтін Өтебаев Жалмағамбет деген азаматымызға араша түсіп, қатты сөздерге келіп жатқанының куәгері болып едім. Ал, Жалмағамбет болса, білімді инженер, өте сауатты, ұстамды мінезді, қала жұртшылығына беделді болатын. Оперативтік жұмыста жақсы көрсеткіштері бар, спортпен айналысып, республикада күрестен талай жұлдегер болған інімізді күншіл бастығы көре алмай, отырса опақ, тұрса сопақ қылғысы келеді екен. Ал, Павел Васильевич болса, Жолмағамбетке кезінде кепілдеме беріп, осы әскери қызметке тартып, оның бер жағында, оған төлімгер ретінде оперативтік жұмыстың қыр-сырын меңгеріп кетуіне атсалысып, әрқашанда оған жаны ашып, қамқоршылық жасап, "кіндік әкесіндей" болып кеткен кісі болатын. Ол басқарма бастығымен сөзге келіп: "Егер де оған қиянат жасап, оның басынан бір тал шаш түсіретін болсаңдар, мен шындықты айтып, республикалық МҚК басқармасына ғана емес, Одақтық – Андроповтың өзіне барам" дегенінің куәсі болғандар, көпке дейін осы зілді сөз туралы айтып жүрді. Содан кейін Жалмағамбеттің бағы жанып, ол облыстық басқармаға, соңынан республикалық комитетке жауапты қызметке ауысты. Қазір ол зейнеткер, Алматы қаласында тұрып жатыр, жақында Павел Васильевичті 90 жылдық мерейтойымен құттықтап, телефон шалыпты.

Жақында сәті түсіп, жоғарыда айтылған қолжазбамен танысу үшін Павел Васильевичтің үйіне бардым. Қария әлі пысық, көзінің нашар көретіндігі болмаса, денсаулығы жаман емес екен. Мені көріп қарт чекист әбігерге түсіп, баладай қуанып қалды. Ол көзін емдет-

пекші болып Ресейге барғанын, бірақ та ондағы дәрігерлерге көңілі толмай келгенін айтып жатты

Әңгіме басында мен одан:

– Павел Васильевич, Сіздің өмір жолыңыздың көбі осы Қостанай облысында өтіп келеді. Өзіңіз қала іргесіндегі Владимирка деген ауылда туып өсіп, білім алдыңыз, 1942 жылы әскер қатарына шақырылып Пенза қаласындағы артиллерия училищесіне жіберілгенге дейін МТС-та нормалаушы болып жұмыс жасадыңыз. Осы Сіздің жан жолдастарыңыздың көбі қазақ ұлтының өкілдері, мысалы, айталық, туған бауырыңдай жақсы көріп сыйласқан Бержанов Жұмабайды, не Қапышев Нәжікенді алайық, сіздерді әріптестеріңіз осылар бірге туғандар ма дейтін еді ғой, осының себебі неде? – дедім.

– Дұрыс айтасың, Галихан, – деді ол. Мысалы, мен үшін жанымдағы жолдасымның бет әлпеті емес, оның ішкі сарайы, адамгершілігі басты критерий. Кешегі қан кешкен майданда да жақын достарым қазақтар болды. Қиын жағдайларда бір-бірімізге қорған болып, өлім аузынан бір-бірімізді талай алып қалған кездерімізді, бір ыдыстан тамақ ішіп, суық окопта бір шинельді жамылып жатқанымызды қалай ұмытайын. Менің взводомда болған, кескілескен бір ұрыста қаза тапқан Оспанов деген жерлесім осы күнге дейін көз алдымда. Осы майдандас достарым туралы көзім тәуір кезде бір естелік жаза бастап едім, көзімнің жанары күрт төмендеп кетуіне байланысты бұл жұмысты уақытша тоқтатқан болатыным, енді, міне, сол еңбегімді аяқтадым деп, маған ескі механикалық машинкемен басылған "Повесть о беспартийном армейском чекисте и его временах" атты көлемді еңбегін ұсынды.

Әріптесімнің өмір жолы туралы бұл естелігін басымды көтермей бірден оқып шықтым. Оқыдым да таң қалдым. Япырау, Павел Васильевич болса тарих мамандығы бойынша институтты сырттай тәмамдаған кісі, жоғары әдеби тілмен мынандай повесть жазғаны ол кісінің жоғары сауаттылығымен қатар, басына түскен қиыншылықтарды ойша зерделеп қағаз бетіне суреттеп түсіргені ғой деп ойладым.

(Жалғасы бар).



Шұғаның белгісі

әдебиет пен өнер

● ФОТОЭТЮД



Боранда

Фотоэтюдті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

... Соқ боран оңнан, солдан да,
Демеймін саған долданба.
Ұли бер алақаншық боп,
Билей бер қырда, жолдарда!

Қыстайғы жатқан үйіліп,
Қуала қарды үйіріп.
Ұғайын күштің не екенін,
Тұрайын саған сүйініп.

Соқ тағы да ышқынып,
Қышқырып,
Тулап,
Ысқырып.
...Білгейсің бірақ айқай мен
Долдануда емес күштілік!

Нұрболат МЕШІТБАЕВ.

Студенттер жырлайды

Тілім менің

Тілім менің тірегім,
Өмірім деп жүремін.
Мақтанамын шаттанып,
Алып-ұшып жүрегім.

Қасиеттім, қымбаттым,
Бабаларды жырлаттың.
Алғаш рет ана деп,
Өз тілімде үн қаттым.

Өз тілімде тілдесем,
Өз тілімде сөйлесем,
Сырбаз тілім болмаса,
Адам болып жүрмес ем.

Туған жерім

Жер жәнәті
Торғайымның аймағы,

Небір игі жақсылардың
қайнары.
Ахмет пен Міржақыпты
тудырған,
Қазақы өлке бұзылмаған
қаймағы.

Тарихымды айтар болсам
жасырмай,
Ер Жәнібек жауға шапқан
жасындай.
Осы жерде туып өскен Шеген би
Шұғылалы қарт Торғайым
осындай.

Жер бар ма екен Қарғалы мен
Тосындай,
Аң мен құсы, әр адамның
досындай.
Шипалы су, жидегі мен
жыңғылы,
Туған жерім менің міне, осындай.

Аталардың орындалып арманы,
Торғайымның арай шашты
таңдары,
Мұражайлар қалашығы атанған,
Қарт Торғайым жастарымның
қорғаны.

Шеген аулы төрт түлікті алқабы,
Табиғаты алыстан көз тартады.
Өзенінде құрағы мен балығы,
Қырларында табын киік
жортады.

Арайланып, нұрын шашып ақ
таңым,
Артық сенен ешбір мекен
таппадым.
Абыройың арта берсін әрқашан,
Шеген аулы көрікті жер,
мақтаным.
Нағашыбай СӘНІМАЙ,
2-курс студенті.

Қазынамсың, сарқылмайтын мәңгіге

Ана тілім, өзіңе бас иемін,
Бір өзіңсің – қасиеттім, киелім.
Шыр еткеннен сіңген нәрің бойыма,
Туған тілім, қадіріңді білемін.

Тілім!
Сенде кеңдігі бар даламның,
Құдіреті бар ұлы ата-бабамның.
Асқақтатсам мәртебенді әрқашан,
Ақ жолыңда еңбек еткен болармын.

Хат тануды сен арқылы үйренсем,
Әлемдегі бар жақсыны игерсем.

Жақсылыққа жақын болған болармын
Жамандықтан сен арқылы жиренсем.

Тілім – байлық, бейбітшілік – мерекем,
Өзің барда кірер менің берекем.
Сен жоқ жерде қорғансызбын, мәңгүртпін
Тек сенімен елдігімді жыр етем.

Қазынамсың, сарқылмайтын мәңгіге,
Өзің жаздың жүректегі әнді де.
Қазақ болып туғаным ризамын
Өз тіліммен жар саламын әлемге.
Ақмарал ТАЛҒАТБЕКҚЫЗЫ,
2-курс студенті.

Тәуелсіздік – асылым!

Алтын бесік – туған жерім, құт берекем, босағам,
Таусылмайтын несібесі әр қазақтың аңсаған.
Тәуелсіздік, ұлттық дәстүр, бұзылмасын тіліміз,
Жамандықтан сақтасыншы елімізді жасаған.

Ақындарың, шешендерің елдігіңді жырлаған,
Жырауларың, көсемдерің терең ойын толғаған.
Бабалардың ғибратты өсиетінен үлгі алып,
Батырларың ақ найзамен кең өлкемді қорғаған.

Тәуелсіздік!
Сенің арқаң мұның бәрі асылым,
Жас өркендер, болашақта атағыңды асырсын.
Көк жүзінде көк байрағың қалықтасын үнемі,
Егемен ел мәңгілікке бейбіт өмір сүреді.

Елім десе, елеңдейді лүпілдеген жүрегім,
Жас ұрпақың, ертеңінді көркейтетін тірегің.
Кірпінің боп берік тұрсам кетігінде үнемі,
Сөби күнгі арманына жеткен екен де мені.
Зарина АРҒЫНБАЕВА,
2-курс студенті.



Егемен елім

Желтоқсанның соғып өткен ызғары-ай,
Шырылдады қанша қазақ қыздары-ай.
Ерлеріміз алаңдарда "елім-ай" деп сұласа
Бар қазақтың жанарлары мұздады-ай.

Тәуелсіздік атты таңы,
О, тоба!
Шарықтады көк туым да бағыма.

Әуелеген әнұранның әр сөзі
Естіледі ыстық болып жаным.

Тәуелсіздік! Биік болғай тұғырың,
Ұзақ болсын, мәңгі-бақи ғұмырың.
Егемен ел!
Бақыт қонған, бақ қонған
Байтақтықты білдіреді ұғымың.
Жанбота ҚАБЕНОВА,
2-курс студенті.



Ініме

Көңіл-күйім болмай тұр мүлде бүгін,
Шағар мынау ақының кімге мұңын?
Жабырқатып жанымды қойғаның-ай,
Сенім артып кешегі жүрген інім.

Неге бала осынша байқамадың,
Жайыңды естіп қалайша

жай табамын?

Кімге қандай қарағым пайда әкелді,
Шайтан суга тойып ап пайқағаның.

Күйініп тұр әкең де, анаңызда,
Күйігіне оңай ем табамыз ба?
Көсілмейсің көрпеңе қарап неге,
Қарамайсың қалайша шамаңызға?...

Не жетпейді осыны ұға алмадым,
Кінәліге санайсың бұған бәрін.

Бағила КЕНЖЕҒАРАҚЫЗЫ

Жарамады дегенмен жарамады,
Қырыққа кеп өнерді шығарғаның.

Тапқан пайдаң осы ма қамалғаның,
Қоя берем сұрақтың сан алуаның.
Сынақ болар елге орал аман-есен,
Райдан қайт осымен жарар жаным.

Бақыт деген немене? Немесе жобасы бар жоралғы ой

Жай әншейін жаныңда тұрама адам
Ақыл сұрап тұрғандай ғұламадан
Бақыт деген немене? – демесіме,
Бір бейтаныс қадалып мына маған.

Бақыт деген – Отанның гүлденгені,
Танданардай өзгелер түрге енгені.
Құлы болмай, өзгенің күні болмай,
Ұрпағымның еркімен жүргендері.

Бақыт деген – қатардан қалмағаның,
Жүрер адал жолыңды таңдағаның.
Несібеңді тапқаның еңбегіңмен
Біреуден артық нәрсе алмағаның.

Бақыт деген – жолығар саналыға,
Тағдырыңа бұйырған таланыңа.
Өзім үшін әйтеуір ұлы бакыт
Ата-анамның карасам қабағына.

Бақыт деген – саулығы тәніңіздің,
Ден саулығың байлығың бәріңіздің.
Балалармен әңгіме дүкен құрып,
Бірге ойнап күлгені жарыңыздың.

Біреу білмес біреудің ұлы арманын,
Бақыт ол да тағдырға сыналғаның.
Бақыт деген – үміттің сөнбегені
Биігіңе талпынып шыға алғаның.

Бақыт деген – барлыққа тасымауың,
Дұрыс шығар деп тұрмын осыларым.
Өзің біраз ойланып түйіндеші,
Дей салғанмын сонан соң осы жағын.

– Түйіндеші деймісіз осы жағын,
Әпке, несін бөгіліп тосыламын?
Жобасы бар жоралғы ой айттыңыз,
Қосыламын бұл сөзге қосыламын.

Сосын әлгі ініміз түрегелді,
– Сөзіңізге ойланып жүрем енді –
Жылы шырай танытып, жымиды да,
Рахметін жаудырып жүре берді.

Қуанышын дегенмен жасырмады,
Кейін білдім бар екен асыл жары.
Ал мен үшін тағы бір бакыт болды –
Татуласып, жарымен қосылғаны.

Жоралғы ойым жарапты кәдесіне,
Жеткен екен шынымен өресіне.
Бақыт жайлы сұраған сол бейтаныс
Кейде менің түседі әлі есіме.
Арқалық қаласы.

● БҰРЫНҒЫНЫҢ СӨЗІ

Екі қарабас атан

Дулаттың ішіндегі Қасқарау батыр Қаракерейдің ішіндегі құдаларына қырық кісі нөкерлерімен қыдырып барыпты. Бір құрсақтан шыққан жалғыз қарындасы Нұрлығайыммен (Қағаз) көрісіп, құдаларымен қауышып, Қасқарау батыр ел аралап, мауқын басқан соң еліне қайтатын болады. Құдалары Қасқарау батыр қайтамыз деген соң "не бұйымтайыңыз бар" деп сұрайды. "Маған көп ештеңенің керегі жоқ, тек ана екі қарабас атанға көзім түсті" депті.

Таң ата түйелер өріске шығарда құдасы екі қарабас атанды қазыққа байлап кетеді. Бір уақытта тысқа шыққан Қасқарау батыр көріп, үйге кіріп, намаз оқып, таңғы астан соң батасын беріп кетейік, – деп далаға шықса, манағы байлаулы тұрған орындарында түйелер жоқ! Сұрап білсе, қарындасы Қағаз босатып жіберіпті. Мұны естіген Қасқарау батыр қатты ашуланып, қарындасы Қағазды шақыртып алады.

Ал, ағасының мінезін білетін Қағаз үйдегі үш баласын далаға өзімен бірге алып шығады. Сонда ағасы қылышын қынабынан суырып алып:

– Ей, Қағаз! "Қарындасы адал ер – бақытты" деуші еді, сен маған сырты жүн, іші бөк екі хайуанды қимағаның не? – депті.

Сонда қарындасы:

– Көке, екі қарабас атан – малымның құты, мына үш жиенің – елімнің құты. Қалауыңыз басқа болса, бәрін де берейін, бірақ "Келіні адал ел – бақытты" деген де бар, соны да ұмытпаңыз, – депті, ағасынан қаймықпастан.

– Әттең-ай, Қағаз, басыңды кесіп кетем бе деген едім, жаныңда тұрған мынау үш балаңды қимадым, – депті. Ат үстінде тұрып қылышымен өзінің астындағы атының кекілін бірақ кесіпті де, жүріп кетіпті. Қазақта аттың кекілін кескен адам енді бұдан былай сені көрсетпесін дегенді білдіреді.

Сөйтсе, ағалы-қарындасты екеуінің адам, мал танитын көріпкелдік қасиеттері бар екен.

Қасқарау батырдың қарындасы Қағаз "Есентай, Тарғап өзенін Көке, көрмеспін қайтып, сеземін көке. Арқада күнде жауса да жаңбыр, өртеніп жүр ғой өзегім Көке! Алатау мекен, алыста көкем. Қанатым жоқ қой, Мен қалай жетем, көке!" – деп, елін аңсап Жылкелді, Бикелді, Бижігіт деген балаларын бауырына басып алып, ағасын сағынғанда егіліп жылап отырады екен. "Қарындасы адал ер – бақытты, келіні адал ел – бақытты" деген сөз содан қалса керек.



Әжем мені "құлдығым, айналып кетейін, ботақаным" дейді. Қашан барсам да алдымнан шығып, маңдайымнан сүйеді. Әжемнің осынау мейірімін ақтай алар ма екенмін...

Демалысқа шыға салысымен әжемнің үйіне тартып кеттім. Ол кісі кенже ұлының қолында, Астана маңындағы шағын ауылда тұрады. Ауыл Елордаға тиіп тұр демесеңіз, жайнап тұрған түгі жоқ. Біздегі көп елді мекеннің бірі. Үйге келіп тұрған суы мен газы жоқ. Қалаға жақын деген аты ғана. Жә, ауылды қойшы, әжемді айтсаңызшы. Немересі келеді дегенді ести сала әбігерге түсіпті. Балаларын екі аяқтан тік тұрғызып дай-

ындықты бастаған. Мен ұнататын балқаймақ пен жентті өзірлеп қойыпты.

Әжемнің есімі – Мақтагүл. Құжатта солай жазылған. Бірақ біздер Мақтан әже дейміз. Жасы жетпістің үшеуінен асқан. Ол кісінің әңгімесін естісеңіз таңдай қағасыз. Мақалдап, мәтелдеп сөйлегенде кітап оқығандай боласыз. Өнді де тамаша айтады. Ауылдағы әжелер отырысын жайнатып жібереді ғой. Міне, бұл менің Мақтан әжем. Ең ғажабы көзі көрмесе де бізді дауысымыздан таниды.

Әжемнің жанары солғалы қашан... Мен ес білгелі ол айналасын көрмейді. Қара түнекте өмір сүріп

келе жатқанына 15 жылдан асыпты. Әжемнің не үшін көрмей қалғанын, уақытында неге емделмегенін білмеймін. Сұраған да емеспін, білуге құмартпадым да. Себебі, ескі жараның орнын тырнағым келмейді. – Әже, сіз менің түрімді білесіз бе?" деп сұрағанымда.

– Құлдығым-ау, әрине білемін. Төрт жасқа толған шағыңды көрдім ғой, – деп жауап бергені бар.

Иә, әжем менің түр-келбетімді біледі, дауысымды да таниды. Бірақ, қазір есейдім ғой...

Кешкі астан соң төргі бөлмеге қаз-қатар тізілген төсек салынды. Жоғары жақта әжем, одан кейін мен, ары қарай кете беремді. Мен қыдырып барған сайын әжемнің қойнына жатамын. Бала күнімнен қалған әдет қой.

Бөлме ішінде өлі тыныштық орнады. Балалардың пысылдап демалған дыбыстары естіледі. Әжем ояу жатыр ма екен, әңгімеге тартсам қалай болады? Ол кісінің ұйқысы сергек еді ғой. Кейде таңға дейін көз ілмей елегізіп жататынын өзі айтқан. Адамның жасы келген сайын ұйқысы да азаяды дейді ғой.

Менің әжем алтын кісі. Осы уақытқа дейін отыз күн оразасын бұзбаған адам. Бір кесе сумен аузын ашатын. Сондай сәттері үйдегі кішілер жинала қалып, әжемнің ұрттаған кесесінен су ішетінбіз. Бір кесе қара суды таласа-тармаса ұрттаймыз. Сол кезде алақандай кеседегі судың дәмі өзгеше, тым тәтті болып көрінетін.

– Әже, әже, ояу жатырсыз ба?

– Әже...

– Құлдығым-ау, не болды? Ұйықтамадың ба?

– Әже, әңгіме айтыңызшы.

– Не айтайын. Өзің де ақыл тоқтатар жасқа келдің. Студентсің. Оқуыңды жақсы оқы. Ақылыңа, біліміңе, жүрегіңе сен. Басқа ешкімнің жаны ашымайды. Қазір заман басқа, заң басқа. Адамдар да өзгерген. Әркім өзінің қарақан басының қамын ойлайды. Ішсем, жесем деген пендешілік ой адамгершіліктен озық түр ғой.

Соңғы уақыттары әжем осы ойды жиі қайталайтын болыпты. Тіпті жаттап алуға айналдым.

...Әжем неге зағип болып қалды екен? Неге уақытылы емделмеді? Бәлкім, өзі айтатын қатыгез заман, қатал адамдарды көргісі келмеген шығар...

Қымбат ДОСЖАНОВА.

● ТӘБӘРІК



Аймағамбет молла мейлінше ақкөңіл, елгезек, шаһарда тұрса да есігінен кісі арылмаған, адам жатырқамайтын бауырмал адам еді. Торғай-Қостанай өңірінде ол араласпаған, ол құшағын ашпаған дін қайраткері жоқ десе де болады, ел аумағында қандай оқымысты қожа-молла болса соларды өзі іздеп барып танысатын, достасатын, туысындай араласып, жік-жапар сыйласатын. Сол дәуірдің даңқты, дін қайраткері Садуақас хазрет Филмани, Шөкір қари Хиялитдинов, Қамал Башари, Әлмұхаммед молла, Сабыр молла, Ғалым моллалармен үнемі пікірлес, қадірлес, сырлас болып араласқан.

Олар да Аймағамбет молланы қатты құрметтеп діни пәтуа-қарарларын жіберіп, Қостанай ауқымындағы өкілі ретінде әркез санасып отырған.

Аймағамбет молла Науырзымға жиі келетін. Сүгір елімен, оның ішінде Пішан аталығымен жақсы қарым-қатынаста болды. Науырзым жұрты Айкеңді айрықша құрметтейтін, 1982 жылы 11-қазан күні нағашы атам Бекентай пірадар қайтыс болып, маңайдағы елден қарияларды намазға жинап жүргендердің Қарамайшыға жіберілген өкілі – Есімұлы Шәріптен "Ақтастың ағасы қайтыс болды, соған қарияларды намазға шақыра келдім" дегенін естіп, осы ауылда мейман болып жатқан Айкең де келеді. Ақтас көкем Айкеңнің келгеніне ерекше разы болып "Ағай Сізді өте жақсы көріп құрметтеуші еді, жаназасын өзіңіз шығарыңыз" деп Айкеңе ілтипат көрсетеді. Ақанның ұсынысын Шылтау, Шәйкен, Мырзахмет қариялар құп көріп, намаз шығаруды Айкеңе ұйғарады.

1982 жылы Ескі Науырзымнан орта мектепті аяқтап, Көкшетау қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы педагогикалық институттың тіл-әдебиеті факультетіне құжат тапсырып, бағымды сынамақ үшін әкей марқұмның бастауымен жолға шықтым. Аудан орталығынан Қостанайға қатынайтын автобусты күткен халық ығы-жығы, көптігінен көз сүрінеді. Бір сәт жан жағына алаңдай қарап тұрған ұзын бойлы, қарасұр өңді, шошқа сақалды, басына құндыз бөрік киген, ұзын бешпент шапанды, қолына таяқ ұстаған байыпты бір қарияға көзім түсті.

Қарияларды көрсем жұғыса кететін әдетім, сол қалпымен қарияға жедел басып барып "әссәләмуғәләйкум" сұрасып жатыр. Руымды айтып, ауылдағы әжелерім үйреткен әдетпен "Балахметтің баласымын" деп едім, қария іліп алып "Көдімгі Шанышқылы Балахмет пе, Қожахмет, Балахмет, білгенде қандай жақсы адамның ұрпағы екенсің, өмірлі бол, шырағым" деп батасын

Біз былтырғы жылдан бері қалың оқырманның сұрау-сауалдарына орай Қостанай өңірінен шыққан дін қайраткері, кезінде есімі ел ішінде танымал болған, кеңес заманында қуғын-сүргін көрген молда Аймағамбет Спанұлы хақында біршама дерек-естеліктерді жарияладық. Содан бері редакция поштасына ауық-ауық хат-хабар түсіп, газет оқырмандары телефон арқылы да хабарласып тұрады.

Осы орайда ұзақ жылдар Қостанай ақ мешітінің имамы болған әрі әдебиетші, марқұм Ертай қажы Балахметтің 2011 жылы шыққан "Үш алаш" кітабынан дін қайраткері туралы және осы кітаптағы Аймағамбет Спанұлының қойын дәптерінен алынған материалдарын ықшамдап ұсынуды жөн көрдік.

үйіп-төгіп жатыр.

Сол мезет автобус та тоқтап, жұрт жапа тармағай көлікке ұмтылысты. "Шырағым, балам мына заттарды ішке кіргізісіп жібер" деп қария нұсқаған қақпағы жабулы екі тініке шелекті көтеріп мен де ішке кірдім. Шелектерді белгіленген орынға қойып билетіме қарасам, менің билеттегі саным тура қарияның жанындағы орыннан болып шықты. Автобус қозғалып, әбден жайғасып алғасын қария төс қалтасынан қойын кітапшасын шығарып, күбірлеп дұға оқуға кірісті. Жолдай ұшырасқан қорымдарға да дұға оқудан жаңылмады. Оқылған дұғаға автобус толы жаннан мен ғана қол жаямын, өзгелер тымырайып отырудан танбады. Автобус қалаға жақындаған сәтте қария "Шырағым, мен – Аймағамбет деген атаң боламын. Тұрағым қалада, бүгін біздікінде еру бол" деді ықыластанып. Мен қалада түсетін туысымның барлығын айтып, рахметімді білдірдім. "Олай болса, жақсылық қылсаң бүгін қыл деген, шырағым. Мынау ауылдан алып келе жатқан шыртылдақ" еді. Балалар қарсы алуға тиіс, соған дейін жеткізіп бересің" – деді қария. Мен құп алып қарияның заттарын қарсы ала келген балаң жігітке ұстатып жөнеле бергенімде "Шырағым, үлкен жолға, оқуға бара жатыр екенсің, қане қолыңды жай, батамды берейін" – деп ақпейіл қарт ағынан жарыла батасын берді. Сөйтіп, Ұлы Жаратушы үлкен жолдың үстінде Айкеңдей киелі қартқа жолықтырып, Айкеңдей абыздың батасымен сол жылы оқуға түсіп, мерейім тасып ауылға оралдым. Қазіргі күні шыққан биігім, алған асуым болса, осының бәрі Жаратушы Ұлы Алла Тағаланың қолдауымен, жасыманан үйір болған Айкеңдей әулие қарттарының шарапаты, балдай төтті фатихаларының себесіні, солардың ықыласты пейілі деп қабылдаймын. Баршасының рухы шат, алды – бейіш, арты – кеніш болғай!

Сөз басында, жаңа да айтып кеткен Айкеңнің үнемі жан қалтасынан тастамай әркез алып жүретін бірнеше дәптерлерден ықшамдалып түптелген қоңырқай кітапша қазір менің қолымда. Құдіреті күшті Алла Тағала жолдай Айкеңнің қолынан көрген кітапшаны шып-шығрасын шығармай маған нәсіп етті. Бұл кітапша Айкең қайтыс болғаннан кейін, қарияның қадірлескен дін-қарындасы, рухани мұраттасы марқұм Көментай молла Дәулеткелдіұлына өткен. Көментай молла дүние салғанда бұл кітап Алтынсарин аудандық мешітінде (бұл күндері Қарабалуан Жанұзақ

Мадияр Арғын Бөлтiрiк болыстың сөзi

Терезең тең болғанда

дұшпаның дос,
Қайда созсаң болады қолың да бос.
Азырақ бет алысың болса төмен,
Дұшпан түгiл болады туысың өш.
Денсаулықты пән­да сұрар бір

Құдайдан,
Көршің жақсы көреді тисе пайдаң.
Аз абырой, басына бақыт

болып тұрса,
Қолыңа келер қонып әлде қайдан.
Жақсы кексіз болады, жаман тексіз,
Болмас пән­да жасынан

болады епсіз.
Кей пән­даның айтары – ғайбат,
өзі – күншіл,
Аллаға қар жүзді, ол бір бетсіз.
* * *

Дүние – теңіз, адам – қайық есетін,
Адам бір күн үстінде оның өшетін.
Ажал деген қылыш қой
бір мейірімсіз,
Уақыт жетсе жалт қаратпай кесетін.

Үмбетей Арғын Теміршенің сөзi

Мендағы бір бұтағы жоқ көрі терек,
Тірлікте дүниенің бәрі керек.
Өлгенде алатының бес қары бөз,
Қалған дүние жиғанмен неге керек?

Бәйбіше Арғын Кішкентайдың Аққошқарының сөзi

Жалғанның соңына ердің
несін біліп,
Адам өз тәуба қылған есін біліп.
Дүнияға жалаңаш кеп,
жаяу қайттың,
Мойынға төрт қары бөз тесіп іліп.
Жақыннан төрт адам кеп тонап алар,
Бойында бар киімінді шешіндіріп.
Көп адам алып барып,
қойып қайтар,
Екі аяқ, екі қолын көсілдіріп.

Атақты Шөже ақынға дуанбасы Қыпшақ Жайықбайдың Ыбырайы "мені мақтап бір ауыз өлең айт" дегенде айтқаны

Құлы едің Қошқарбайдың,
түбің Естек,
Қайқы төс, қолағаштай
кеудең төстек.
Алған соң өзің билеп жұрттың бәрін,
Мың-мыңдап жылқы айдадың,
өңкей мәстек!

Жылқышы қожаға Көбектің Төлебайы "мені жамандап өлең айтшы" дегенде Қожекеңнің айтқаны

Қайың биік болмайды қарағайдан,
Өзің туған екенсің жадағайдан.
Шошқаның қабанындай көрінесің,
Көз салып қарап тұрсам анадайдан!

Досым – Арғын Әйдерке Үркімбай бидің сөзi

Хан тасыса күннің көзін
бұлт басады,
Батыр тасыса асу асады.
Елдің жақсысы тасыса,
Қарашасын атпен басады!

1932 жылғы ашаршылықта бір үйге келіп отырғанда, үй иесі "Уа, бірдеңе десеңші" дегенде Дәуітбай Арғын Құбашаның айтқаны

Балалық базар бір өтті,
Артынан келіп қу нәпсі,
Ұзатпай келіп бұл жетті.
Жігіт болдың тарқылдап,
Кісі болдың балпылдап,
Өмірдің өрі таусылып,
Шаршаған қоян секілді,
Тұрмыз ғой біз де қалтылдап!
Ертай қажы БАЛАХМЕТ.

Ал-диярулы нәмінде) қала берген. Осыдан төрт-бес жыл бұрын Мәуліт мерекесіне барғанымда мешіттің сол кездегі имамы Мәһди қажы Мәжитұлы маған табыс етті. Көзіме оттай басылды, осыдан жиырма шақты жыл бұрын Айкеңді ғазиздің қолынан көрген қоңыр кітапша, қуанғанымнан кітапшаны алып көкірегіме қыса беріппін.

Айкеңнің қойын кітапшасы үш парадан (бөлімнен) тұрады. Бірінші бөлімінде Айкеңнің күнделікті оқитын аят, дұға, салауат, зікір, тасбихат дұғалары, екінші бөлімінде Қарпық, Досбол, Сарышуаш, Сейітжан, Асаубай, Кердері Әбубөкір, Әлмұхаммед молланың ғибратты сөз үлгілері мен Торғай-Тобыл бойының танымал тұлғаларының қысқаша қайырым ұлағаттары топтастырылған.

Көбекке әкесі Таңбайдың берген батасы

Есігің ойран болсын,
Төрің талқан болсын.
Дастарқаның жиылмасын,
Есігің жабылмасын.
Дұшпаның бұға берсің,
Атағың аспанды жарып шыға берсің!
Жаяуға ат бол,
Жалаңашқа киім бол.
Ашқа азық бол,
Халқыңа қазық бол!

Жылқайдар Арғын Иманқұлдың Әбдірахманы айтыпты

.... Баяғыда Ахаңның әкесі Байтұрсын айдаудан елге оралғанда, елдегілер "Орыс деген кім екен?" дегенде "Орыс деген өзіміз сияқты екі көзі, екі қолы, екі аяғы бар адам. Тек айырмашылығы: егіліп айтқан шындығына нанбайды, үйлестіріп айтқан өтірігіне нанады", – деген екен.

Қостанай



www.kostanaytany.kz

kostanaytany@mail.ru

АҚШАМЫ



жұма
№ 1
16 қаңтар
2015 ж.

"Қостанай таңының" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы

Ел іші – өнер кеніші



АҒАШТАН

түйін түйген

**Айтолқын
АЙҚАДАМОВА**

Көрерменнің көзайымы болып жүрген І.Омаров атындағы қазақ драма театрының актері, ҚР мәдениет қайраткері Қабдул-Мәжит Имановтың көпшілік біле бермейтін тағы бір өнері бар екен. Бос уақытында ағаштан түйін түйген шебер бұл өнерін 40 жылдан бері жанына серік етіп келеді. "Қиындықта тығырықтан шығарған да осы өнерім" дейді актер.

Алматыға білім қуып барған жас бала алдымен осы саланы меңгерген. Бірер жыл жиһаз фабрикасында жұмыс істеді. Кейін барып актерлік жолға түсіпті. Студент болып жүргенінде де ағаш шебері болып жұмыс істеп, тәп-тәуір ақша таба-тын. Ағаштан бесік, домбыра, үйге қажетті кез келген жиһаздарды қиналмай-ақ жасай береді. Ең алғаш бесікті ұлы дүниеге келгенде істеген екен. Баласы ер жетсе де сол бесік тілекші болып үйінде тұр. Содан бері бесікке деген сұраныс күшті. Бөрінен де қазақтың қара домбырасын жасағанды ұнатады. Үйге келген

дос-жаран қалап алып кетіп, тапсырыс берілетін кез де аз емес. Кей-кейде сәтті шыққан дүниесін қимай қалатын кездер де болып жатады.

Шеберлік Қабдул-Мәжит ағаның бойына әке қанымен дарыса керек. Әкесі Сүндет қамшы, ат әбзелдерін, шана, өзге де тұрмысқа керек заттардың барлығын да істейтін. Ауыл аймақты түгелімен қамтып отыратын. Әкеден көргені ұлға да жұқты. Және екінші мамандығы сияқты өмірде актерлікпен қатар келеді. Қайда барса да шебер қолдары көмекке келетін.

Актер бос уақытын өзінің шағын шеберханасында өткізеді. Жаны рахат тауып, алаңсыз ағашты иіп, домбыра, бесік істеп жатқаны. Қаладағы №20 мектепте сабақ беріп, оқушыларға шеберліктің қыр-сырын үйретуден талған емес. "Амандық болса, зейнеткерлікке шыққан соң арқаны кеңге салып, сүйікті ісімді жандандырсам", – дейді ағаш шебері.

**СУРЕТТЕ: Қабдул-Мәжит Иманов.
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.**

Қадірлі ағайын! Құрметті оқырман!

Қолдарыңыздағы "Қостанай таңының" жаңа жылдағы жаңа жосбасы – "Қостанай ақшамы".

Айда аяқ, жылда жсілік жоқ, былтыр байтақ облысымыздың бел-белесі, ой-қырын басып өтіп, қалың ел, қара орманның ортасындағы алқалы жиында, дуалы ауыз ағайынмен, қалың оқырманмен жүздестік, сырластық. Сондай кездесулерде заман ағымымен үндескен бабасал басылым қазіргі таңдағы өңірдің рухани өмірі мен болмысы, дүниетанымы, маңызы тереңге тартатын көп қырлы мәдени жәдігерлер, та-

ғылымдық-тәрбиелік көркемдік құндылықтар хақында кеңірек орын берсе деген өздеріңіздің ұсыныс, тілектеріңізден кейін туған міне, осы қосымша жарық көріп отыр.

Қазақтың жаны мен ой-парасатын байытуда табан ақы, маңдай тер, көздің жасы, көңілдің жылуымен қалам тартып келе жатқан газет атайман қызметкерлерінің қазіргі шығармашылық әлеуеті Сіздерді әлі де талай тың дүниемен қуанта береді деген үмітіміз бар. Осынау бес күн жалғандағы тіршілігі,

тағдыр соқпағы, заман мен адам қарым-қатынасы, тарих пен тағдыр мәселесі, жан тербеп, жүрек қозғар, көңіл желпінтіп, бүлкілдетер күй басылым бетінен сезілер болса – нұр үстіне нұр!

Ой-пікір, ұсыныс-кеңес күтеміз!

Бас редактор



Ақмаңдайлым

Қыз-келіншектерге арналған бет



Байқау

Қыздың көркі бұрымында!



Әр нәрсеге мән бере қараған дана халқымыз "қыздың көркі шаш, шаштың көркі шаштеңге" деп бекерге айтпаса керек-ті. Ұлт мәдениетінде әр бойжеткен шашы мен бойына қарап бағаланған. Шаш тек сұлулық пен мәдениеттіліктің белгісі ғана емес, нәзік жандылар қауымына берілген Аллаһның ерекше сыйы.

Міне, осы орайда қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт-дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу мақсатында "Ақмаңдайлым" қыз-келіншектерге арналған бетінің бір бұрышынан "Бұрымды арулар" байқауын жариялап отырмыз. Байқауға қатысып, бақ сынаймын деген бұрымды арулар 54 28 42 нөміріне хабарласыңыздар.

Алғашқы үміткеріміз — Индира ӘБИЛОВА.

Қазтұтынушылар одағының Қарағанды экономикалық университеті Қостанай облыстық филиалының 1 курс студенті.

Мамандығы - заңгер, жасы - 23 те.

Шаштың әдемілігіне, тазалығына аса мән беретін Индира бойжеткеннің бұрымы оның сымбатын асырып, сәнін айшықтап қана қоймайды, ол қазақ қызының бойындағы ұяңдықты, әдептілікті, инабаттылықты сездіреді деп есептейді.

Сырласу

Қызымның тағдырына алаңдаймын...


Қазақ қыз баланы жат жұрттық санайды. Үйде жүргенде төрін беріп, қонақ екенін де естен шығарған емес. Мен қыз тәрбиелеп, өсірген анамын. Бытыр бұлаңдап өскен қызымыз тұрмысқа шығамын деді. Жасы бар болғаны 19 жаста болатын. Әлі жассың, асығыстық танытпа деп ақыл айтсақ та, бақытымды таптым деген қызды ұстап тұрудан да қорықтық. Жастар өздері шешім қабылдаған соң екі жақ та келістік. Құда түсу, сырға салу сияқты салт-жоралғылары кезегімен өтті. Қызымызды қолы-

мыздан ұзатып, ұясына қондырдық. Бірақ, қызым әлі жас-ау, барған жеріне көңдігіп кете алар ма екен деп іштей уайым жеп жүрдім.

Алғашында бәрі жақсы болды. Қызыма келін болу, жар атану ұнаған сияқты. Әлі жас қой. Уақыт өте келе қызымның қабағынан бір отбасының міндетін алып жүрудің ол ойлағандай оңай еместігін түсінгенін көрдім. Енесін жақтыртпай жүргенін де сездім. Өзі ашып ештеңе айтпаған соң мен де үндемей, тек бар ақылымды айтумен болдым.

Үйренер деген ойым болды. Бірақ, қателесіппін. Уақыт өте келе отбасында туындайтын кейкілжіңге бола киімдерін жиып алып, үйге келе беретін "өнерін" шығарды. Басында ақыл айтып, үйіне қайтарып жібердім. (екі рет). Бәрін түсінгендей болады. Енді қызым осы бір жаман әдетке бой үйретіп ала ма деп қорқамын. Не істесем болады. Ақыл қосыңыздар. Әрі өзге де жас келіндерге үлгі болса деймін.

Ажар БАЙМОЛДИНА.
Қостанай қаласы.



Қайтып келу

деген түсінік мүлде болмасын

Мұндай жағдай кейінгі кезде көбейіп бара жатыр. Осының салдарынан ажырасу да көп. Жастар сәл қиындыққа шыдамай, қит етсе ажырасамыз дейтін болған. Сіз қызыңызды бірден қайтарып жібергеніңіз дұрыс болған. Онымен қоса енді қайтып келмеуін айтып қана қоймай, талап етіңіз. Бұл жерде мүмкін енесімен араларында бір түсінбестік болып жүрген шығар. Қызыңызға ақыл қосыңыз. Барған жеріне тастай батып, судай сіңсін. Енді оның өз отбасы бар. Сол отбасының түтінін түтетуге міндетті. Жас болған соң үйрене алмай жүр-ау. Десе де, жас келінге демеу беретін — ене. Бүгінде өзім үбірлі-шүбірлі мәуелі бәйтеректей әжемін. Алты келінім, күйеу балам бар. Немере келіндерді де көрдік. Өз басымнан да, олардың бастарынан да небір жағдайлар өтті. Бірақ қызға бағыт беретін алдымен анасы. Қыз бала анасының сөзін сөйлейді. Қызыңыз тұрмыс құрған екен, оған бұрынғыдай еркелетіп емес, сәл қаттырақ қараңыз. Әркімнің сөзін тере бермесін. Енесі айтса жаймен түсіндірсін. Ортақ тіл табуға тырыссын. Үйге қайтып келу, ажырасу деген түсінік мүлде болмасын. Уақыт өте келе, балалы-шағалы болған соң бәрі өз орнына келеді. Уайымға салынбаңыз.

Күлдірайхан БИЖАН,
көпбалалы ана.

Колөнер

Ісмер



Қазіргі уақытта жұмыс істеймін деген адамға кәсіптің түрі жетіп артылады. Сәнді қымбат маталардың тігісін үйестіріп, өсемдеп, өрлеп іс тігу асқан шыдамдылық пен шеберлікті қажет етеді. Осындай кәсіпті таңдаған қолөнер шебері Анар Төкебаеваны оқырманға таныстырмақ ниеттеміз.

Оның қолынан шыққан бұйымдардың, түрлі ою-өрнектердің өзі, бір-біріне ұқсамайтын сәнділігімен көз тартады. Күні бойы тапжылмай отырып, он саусағы майысқан тігінші шебердің, келістіріп тіккен оюлы көрпе, шабадан-дарына құрметпен қарап, еңбегін бағалауға болады. Анар осыдан он жыл бұрын Қостанай тұрмыстық қызмет көрсету колледжінің тігінші мамандығын бітіріпті. Ол күн сайынғы қабылдайтын тапсырысқа жауапкершілікпен қарайды. Әртүрлі маталарды пішу, оны қонымды етіп тіге білу ізденісі

мол, көз майын тауысатын шығармашылық еңбек. Ал, бүгінгі заманда бағасы қымбат, жібек кездеме-маталар түрлерінен тапсырыс беретін апа-әжелер мен қыз-келіншектердің талғамы өте жоғары. Олар Анардың әдемілеп қиюластырып, сәндеп тігіп берген киімдері мен көрпе-жастықтарына алғыстарын айтуда.

Тұтынушыларды жылы жымиып қабылдайтын Анардың тігін орны көпшіліктің сенімінен шыққан, олардың тұрақты тапсырыс берушілері жетіп артылады.

— Қай адам болсын бой-келбетіне үйлесімді, жыл мезгілдеріне сай жарасымды киім кигенді ұнатады емес пе? Киім тігуге бізге келіп, тапсырыс беретіндер көп. Адамдардың жас ерекшелігін ескеріп, тіккен киімдеріміздің сапалы болғаны бізге де абырой. Тапсырыс берушіге жақсы көңіл-күй сыйлау біздің мақсатымыз, — дейді өз ісінің маманы Анар Төкебаева.

Өнер



"Қостанай таңының" оқырмандарының есінде болса, өткен жылы І.Омаров атындағы қазақ драма театрының әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қонысбек Бекайдаровтың фильм түсіруді қолға алғаны туралы елден сүйінші сұраған едік. Жақында сол туынды үлкен экранға шығарылмақ.

– Қонысбек аға, кино түсіру туралы ой қалай туды? Қалай дегенмен, тұтас бір көркем туынды жасауға екінші бірі тәуекел ете бермейді. Әсіресе, біздің Қостанайдың жағдайында мынадай субелі дүние істеу дегеніңіз айға қол созғанмен бірдей ғой...

– Институтты бітіріп, театрға жұмысқа орналасқаннан кейін "Шіркін, киноға түссем ғой!" дейтін арманым болатын. Бірақ, шалғайдағы актерлерді киноға түсуге шақыра бермейді. Кейін біз аға буын өкілдері атана бастаған тұста соңымыздан өрген бір топ жаңа толқын, жас актерлер шықты. Олардың көбі облыстық театрларда аз-кем жұмыс істегеннен кейін Алматыға кеткісі келеді. Ол жақта таңымал болудың түрлі тетіктері көп қой. Соны армандайды. Өстіп жүргенде менде мынадай идея пайда болды: неге осы Қостанайдан шағын киностудия ашпасқа. Бірақ, қалай, қайтіп? Бірер көзтанис азаматтарға айтып көріп едім, олар қайтесің соны деді. Қысқасы, қолдайтын адам болмады. Дегенмен, менің әлгіндегі ойым өртелі-кеш мазамды қашырды. Сол екі ортада менің Олжас дейтін балам

Алматыдағы өнер институтын тәмамдап, бір топ жолдастарымен Ақтауға театр ашуға кеткен. Елге шақырып едім, ол жолдастарымен бірге болуды қалады. Арада жылжып уақыттар өтіп жатты. Бір күні ұлыма қоңырау шалып, "Елге қарай жақында, жанымда бол. Жақсы бір дүние жасайық", – деген ойымды білдірдім. Бұл жолы ол әке сөзін екі еткен жоқ. Келіп театрда бір-екі жыл жұмыс істеді. Екеуіміз әкелі-балалы һәм әріптес ретінде ақылдастық. Күндердің күнінде "Алау" телеарнасының операторы Хамза Нүрпейісов деген жігіт маған бұйымтайын айта келіпті. "Аға, мен өзімді кино саласында сынап көргім келеді. Сіз театрда істейсіз ғой, не айтасыз?", дейді. "Ойбуу, шырағым-ай, кино түсіру оңай емес қой, егер жап-жақсы бастаған істі орта жолдан қиынсынып тастап кетсең, одан әрмен қарай не қыламыз?" – деймін мен іштегі күдігімді жасырмай. "Жоқ, аға, мен үйтпеймін!" Көзінен от жанып тұрған жігіт екен. Шын көңілімен айтып тұрғаннан кейін бетін қайтарғаным жоқ. "Болсын, – дедім, – ендеше бастаймыз!" Қуана-қуана ол кетті. Келесі күні Хамза інім тағы қоңыраулат-

Қонысбек БЕКАЙДАРОВ:

“КИНОНЫ ӨЗ ҮНТАМЫЗБЕН ТҮСІРДІК”

ты, "Аға, қашан кірісеміз?" – деп.

– Содан бірден кірісіп кеттіңіздер ме?

– Қайдан! Кино түсіру үшін алдымен бір жақсы сценарий керек. Қолымызда үш нұсқадан бір нұсқа жоқ. Содан ал көп шапқылайын. Осында өнер мен әдебиетке жақын жүрген азаматтарға қолқа салдым. Олар бастарын ала қашады. "Қонысжан-ау, ол жағы бізге беймәлім-деу ғой, қалай болар екен", – деп қорқа соқты. Ұрыста тұрыс жоқ, есіме Жезқазғанда тұратын Кенжебай Ахметов деген азамат түсе кетті. Ол өзі филолог болғанмен, драматургия саласында да үлесі бар жігіт. Баяғыда "Абай" спектаклін қойған кезде М.Әуезовтың "Абай жолы" романынан "Ерте ояңдым, ойландым, жете алмадым", – деген өлең жолдарын алып, шағын құрама көрініс жасағанымыз бар. Спектакльді Алматыға апарып көрсеткенімізде, жоғары бағаға ие болып, тіпті Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған еді. Сол жігітке телефон шалдым. Қарсы болған жоқ, айналасы бірер аптаның ішінде дайын сценарийді қолыма ұстатты. Қарап, оқып шықтық. Әп-әдемі дүние. Атын "Саяқ батыр" деп қойыпты. Бұл былай енді: оқиға желісіне он жетінші ғасырдағы қазақ-жоңғар шапқыншылығы арқау болады. Негізі, фильмдегі басты кейіпкер – Саяқ сол кездегі қазақ батырларының жиынтық образы. Онда шағын бір қазақ ауылындағы батырдың баянды махаббаты бейнеленген. Қалғаны әзірге құпия түрінде қала тұрсын.

– Біз сөзбен айтқанда, фильмнің сценарийі көңілімнен шықты дейсіз ғой. Ал енді бұған актерлерді қалай іріктедіңіздер әлде арнайы кастинг жарияланды ма?

– Ондай іріктеу болған жоқ мүлде. Мұндағы әртістердің қарым-қабілетін жақсы білемін. Басты рөлде қарағандылық Қайрат Кемалов деген актер ойнады. Сосын тағы бір басты персонаждардың бірін Астанадағы өнер академиясының үшінші курсына оқитын қыз бала сомдады. Қалғандары өзіміздің жігіттер. Айбол

Шәкіржанов, оның кішкентай ұлы Санжар, Әлімхан Мырзахан, Зәмзәгүл Балтабаева, Ақдәмен Досановалардың көмегіне иек арттым. Фархад, Қуаныш деген жігіттерге де бір-бір рөл бұйырды. Құдайға шүкір, шетінен ел таныған есімдер ғой бұл азаматтар. Өздеріне бекітілген рөлдерді жап-жақсы алып шықты. Өзім жоңғар батырының рөлін ойнадым.

Киноға бөлініп жатқан бір тиын ақша жоқ. Мұны түсірілім алдында барлық қыз-жігіттерге түсіндіріп айттым. "Бәрін өз ын-тамызбен түсіруіміз керек. Өзіміздің өнерге деген махаббатымыздан тууы қажет. Ең болмаса, артымызда бір із қалдырайық", – деп. Мұны біз істемесек, кім істейді? Әркімнің бойында өзінің туған жеріне, еліне деген патриоттық сезімі болуы шарт. Тәубе, экономикамыз дамып жатыр, енді сонымен қоса өнер де алға басса екен деген ой ғой менікі.

– Қонысбек аға, түсірілім кезінде қандай да бір қиындықтар туындаған жоқ па? Мұны сұрап отырғаным, бүгінде қаржы-қаражатсыз ауқымды дүние жасау оңай емес. Кинода декорация деген бар. Басқа да құрал-жабдық, тұрмыстық заттарды да аз қажет етпейді. Мұның бәрін Сіз қалай таптыңыз?

– Әрине, бізде де аз-кем ірікістер болғанын жасырмаймын. Тіпті, киіз үйлерді табудың өзі бір ақырет болды. Әуелде беремін деген кісілер кейін өз уәделерінен айнып қалды. Кино түсіретін алаң іздеп жүргенде есіме Меңдіқара ауданының Жанкелдин ауылында тұратын Ерлан Айсағалиев есімді азамат түсе кетті. Аралас-құралас боп жүрген азамат қой. Соған қоңырау шалсам, трубканы үйдегі келін алып тұр. "Мынауыңыз күшті екен! Ой, аға, келіңіздер, түсіріңіздер! Ауылдағы үлкен кісілердің де бір жәрдемі тиер", – деп қуанып кетті. Киноны сол ауылдың жанында, Тобыл өзенінің жағасында түсірдік. Сол жақтан киіз үйлер де табылды, оның барлық жабдықтарын да жергілікті тұрғындардан жинап алдық. Фильмге

әртістермен қатар жергілікті тұрғындарды тарттық. Ауылдағы жекенің жылқылары, Ерлан інімінің малын пайдаландық.

– Киноны түсіру қанша уақытқа созылды?

– Онда жылдың екі мезгілі көрсетіледі. Түсіру жұмыстарын біз былтырғы наурыз айында бастағанбыз. Нүктесін қыркүйек айында қойдық. Әйтеуір, түсіру жұмыстары кезінде ауа-райы жақсы болды. Киноны түсіруге небәрі бір-айдай ғана уақыт кеті. Бәрінен бұрын фильмді түсірер кезде біраз кібірткітеп қалдық. Негізі, киноны әр ракурсынан түсіру керек. Осы жағынан келгенде қолымыз жіпсіз байланды. Меншігімізде Хамзаның жалғыз камерасы мен микрофонынан өзге құрал болған жоқ. Барлығын сонымен түсірдік. Әдетте түсіру тобы бірнеше адамнан құралады емес пе. Бізде оның бірі болған жоқ. Фильмнің продюсері өзімін. Қоюшы режиссер Олжас. Қоюшы оператор Хамза Нүрпейісов. Болды. Кейде ойлайсың, өттеген-ай, біздің қолымызда кино түсіруге лайықты қондырғылар болғанда талай дүние жасауға болар еді. Мәселен, кейбір көріністерді тікұшақпен түсіріңіз келеді...

Арманымыз сол, шағын болса да бір киностудия ашу болып тұр.

– Енді фильмді үлкен экранға қашан шығармақшысыз?

– Әзірге, бәрін монтаждап бітірдік. Тек, ұсақ-түйек шаруалары қалды. 16 желтоқсан қарсаңында тұсаукесерін жасаймыз ба деп едік. Оған үлгермедік. Құдай қаласа, осы қаңтар айының ішінде өткіземіз бе деп отырмыз. Жалпы, фильм өзімің көңілімнен шықты. Бағасын енді халық бере жатар.

– Рахмет, Қонысбек аға! Патша көңілді көрермендеріңіз енді Сіздің сол тырнақалды туындыңызды тағатсыздана күтеді.

Әңгімелескен,
Айбек КӘДІРҰЛЫ.

СУРЕТТЕРДЕ: "Саяқ батыр" фильмінің продюсері, актер Қонысбек Бекайдаров; фильмнен көріністер.





АЙНАЛАЙЫН

Мектеп оқушыларына арналған бет

ФОТОЭТЮД

Алтын балығым, қарның ашып
қалды ма?Талантты бала
Бағытбек

лар осы мектепке түсу үшін арнайы іріктеу тестілеу сынақтарына қатысқан-ды. Солардың ішінде Бағытбек де болды. Тестілеуден сүрінбей өткенде қуанышында шек болмады. "Кіп жүйріктің" ішінен аты озып, Бағытбектің жүйрік болып шығуы ата-анасына да, ұстаздарына да және ауданымызға да үлкен мерей, қуаныш.

– Мен отбасыммен Назарбаев зияткерлік мектебіне оқуға түскеніме өте қуаныштымын. Ендігі мақсатым, жаңа оқу тәртібіне тезірек бейімделу. Мен білемін, онда өте көп жаңа пәндер оқытылатын болады, кейбір пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі. Әрине, оқу қиын болады, бірақ өзіме сенімдімін. Оқуға бар күшімді салып, маған сенгендердің үмітін ақтауға тырысамын. Менімен бірге суыққа тоңып, ыстыққа күйген ұстаздарыма, сыныптастарыма, мектеп директоры Жібек Жаныбековаға мыңбір алғысымды айтамын, – дейді Бағытбек.

А. ӘМРИНА.

Ұзынкөл ауданы.



Ортада Нұрай Күдербекова

Біздің НҰРАЙ

"Бұлақ көрсең, көзін аш" дегендей, біз, ұстаздар қауымы әр баланың бойында қандай да бір талабы бар екенін байқап, соны әрі қарай дамытуға, өнерге деген қызығушылығын арттыруға ұмтылатынымыз анық. Кішкентай Нұрайдың өнерге бейім екенін ата-анасы да байқаған-ды. Балабақшаға екі жастан барған Нұрай сол кезден-ақ ән айтумен көзге түсті. Балабақшада ұйымдастырылатын таңертеңгіліктерде, айтулы мерекелерде ән айта бастады. Мәселен, күз мерекесінде кішкентай Нұрай "Жаңбыр" әнін шырқады. Ал, 2012 жылғы сәуір айында "Утренняя звезда" байқауында лауреат атанып үлгерді. 1 маусым – Балаларды қорғау күні Нұрай жергілікті теледидардың "Өмір ағымы" бағдарламасына қатысып, "Домбыраның күмбірі" әнін әуелете айтып берді. "Арманда-

стар" вокал студиясының құрамында жақсы өнер көрсеткен бұлдіршін Қостанай қаласының шығармашылығына қосқан үлесі үшін мадақтама қағазына ие болды.

Бірінші сыныпқа келгенде, Нұрай өз өнерін шыңдай отырып, мектептегі әр түрлі іс-шараларда ән айтып, өнерімен барша жұртты тамсандырды. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бала әншілік өнерінен басқа дарындылығын да танытты. Әншілігімен қатар, би өнерімен де айналысады. "Узоры" атты би үйірмесіне

қатысып, 1-қазан мерекесінде "Моя семья" композициясын орындады. Осы оқу жылында өзінде де алғырлығымен көзге түсті. "Зерде" республикалық зерттеу және ғылыми-шығармашылық сайысының қалалық кезеңінде "Қазақтың ежелгі баспанасы – киіз үй" тақырыбын зерттеп, жүлделі 3-орынға ие болды. Ғылыми жобаны зерттеуге, тақырыбын ашуға отбасы мүшелері көмектесті. Жобаны қорғау барысында әділ қазыларды, тыңдаушыларды Нұрайдың өз ойын жақсы жеткізуімен, сөздік қорының мол болуымен таңғалдырды. 2014 жылы "Елімнің бақытын тербеткен – тәуелсіздік" атты әдеби байқаудың "Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы" номина-

циясында 1-орынды жеңіп алды. Олақын М.Шахановтың Л.Асанова мен Е.Сыпатаевқа қойылған ескерткішті ашардағы "Жаркентте желтоқсан қырандары" атты өлеңін жүрек шымырлатардай етіп орындады.

Нұрайдың жетістіктері міне осындай. Оның ұстазы ретінде мен де, ата-анасы да көп үміт күтеміз. Нұрайдың әлі биік шыңдардан көрінетіне сеніміміз мол. Гүлдана АҚМАҒАМБЕТОВА, №10 орта мектебі. Қостанай қаласы.



Бөлімді Гүлназым
Сағитова жүргізеді
sagitovaGB@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ БАЙЫРҒЫ ҚАРА ЕСЕПТЕРІ

1. Шидім, шидім, шидім құс,
Ши басына қонған құс.
Қарқарада қара құс,
Хан басына қонған құс.

2. Алтынмен аптадым,
Күміспен күптедім.
Бірін өрге шығарып,
Бірін жерге түптедім.

3. Белең, белең, белең ат,
Белі қайқы күрең ат
Таудан түссе, таймас ат,
Талау тисе, өлмес ат.

4. Бір емен, жеті терек, алты қайың,
Бұтағы толып жатыр дайым, дайым.
Ішінде шынар терек, үш қарағай,
Өнегесін айта беріп не қылайын.

Халық
жырдақтары



Дерек

Осыдан отыз жылға жуық уақыт бұрын жарық көрген он томдық "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне" 66,9 мың атау сөз бен 24 мың сөз тіркесі енгізілген.

2011 жылы жарыққа шыққан 15 томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде 150 мың сөз бен сөз тіркесі қамтылған.

2013 жылғы бір томдық "Қазақ сөздігінде" 106 мың атау сөз бен 483003 мың сөз тіркесі, барлығы 154,3 мыңнан астам лексикалық бірлік қамтылған.

Түркі тілдерінің ішінде қазақ тілі ең бай тіл саналады. "Өзбек тілінің түсіндірме сөздігі" 80 мың сөз бен сөз тіркесін, "Қырғыз тілінің сөздігі" қырғыздардың 50 мың сөз бен сөз айқышын қамтыған. Түріктердің "Түрікше сөздіктерінде" 92 292 сөз бен 122423 сөз мағынасы келтірілген.

Қазақ тілі – әлемдегі сөйлеушісі ең көп 70 тілдің бірі.

Таныс сөздер төркіні

Ағайын. Бұл сөз аға және іні деген жеке сөздерден құралған. Қазір де аға-іні деген қос сөз қазақ тілінде жеке қолданылады. Қазақ тілінде аға мен іні сөздері кірігіп, ағайын болып өзгеріп кеткен. Обасында "жасы үлкен және кіші ағайындар" деген мағынаны білдірсе, кейін жалпы туған-туысқан мағынасында қолданылатын болған.

Ауыл. Бұл сөздің төркіні көне түрікше ағ - "қоршау, ішіне алу" деген етістікпен байланысты болу керек. Кейін оған зат есімнің -ыл/іл жұрнағы қосылып, ағыл- "мал тұратын қора" деген сөз пайда болған. Осы мағынада қазір де қолданылатын оғыл (өзбекше), агіл (түрікше) деген сөздер бар. Ал кейбір түркі тілдерінде сөздің мағынасы кеңейіп, "мал қорасы бар үй ия болмаса бірнеше қоралы үй, қыстақ" деген қосымша мағынаға ие болған. Қазақ тілінде екі дауысты дыбыстың арасындағы ғ дыбысы у дыбысына ауысқан.

Әңгімелесуші деген мамандық бар

Интернет басылымдары әлемдегі ең қызық мамандықтардың тізімін жасапты. Соларды назарларыңызға ұсынып отырмыз. Токиода бір мамандық түрі пайда болыпты. Ол – қарапайым әңгімелесуші. Миллиондаған халқы бар үлкен қалада жалғызсырап жүрген кез-келген адам әңгімелесушінің көмегіне жүгіне алады. Бұл үшін кісі көп шоғырланған көшелерде арнайы дүңгіршектер орнатылған. Кәсіби әңгімешілер аптасына 10 мыңға жуық адамның сырына қанығады екен. Ал, Жапонияда SMS-хаттар жазушылардың беделі басым.

Өздерін райтер деп атайтын бұлардың жазушыдан айырмашылығы – SMS-хаттар дайындайтындығында. Ұялы байланыс операторларының айтуынша, жапондықтар күніге бір-біріне 2 млрд-қа жуық хабарлама жібереді екен. Ал, жазғыштар ерекше хат үшін 1 цент "қаламақы" сұрайтын көрінеді.

Қазына Сөздің атасы мен анасы

Қаздауысты Қазыбектің атағы шығып тұрған кезде ауылына бір саудагер келіпті.

– Би, бір сөз сұрайын деп едім. Бір керуен едік, өзара дауластық та, ойластық та, бірақ шешуі таба алмай қойдық. "Сөздің атасы кім, анасы кім?" – депті.

Қазыбек ойланып жауап бергенше: "Япырай, бұл сөзді саудагер ғана білмейді екен десек, қазақтың Қазыбегі де білмейді екен ғой, биыл таппасаңыз ендігі жылы табарсыз", – деп шығып кетіпті.

Қазыбек орнынан тұрып, іле-шала сыртқа шықса, саудагер асығыс атқа мініп қалған екен.

– Япырай, артыңа қарамай асығыс аттанғаның не? Өлгі сөздің шешуін іздеп, ендігі жылы екі келіп, саудаңнан қаларсың, артыңа қарамайтын болып кет. Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық! Жолың болсын, жүрген жеріңде айта жүр, – депті.

Сирек қолданылатын сөздер

Жәдікеш – ұғымтал, сезімтал, жадында сақтағыш.

Жәлде – аяу, мүсіркеу.

Жәркелеш – жарамсақ, жағымпаз.

Жекей – сәнді, әсем.

Желеуке – жас келіншек киетін киім.

Жемелек – өрілген бұрым ұшын бекітетін жіп.

Жыға – соғыста киетін бас киім.

Зәки – адал, таза, ақ көңіл.

Зөнталақ – арамза, қараниет.

Зипа – әдемі, сұлу, көрікті.

Кәжең – жаңбырға киетін сулық киім.

Кәкіма – әйелдер киетін биік өкшелі етік.

Ай атауы

ҚАҢТАР

Қаңтар – күннің қаңтарылып байланатын, одан әрі тұқырып қысқара алмайтын айы.

Түс кезінде Күн көзі аспанның оңтүстік жағында және сол күнгі ең биік деңгейде болады. Бұл деңгей күн сайын өзгереді. Оның жыл ішіндегі ең биік қалыпта болатын уақыты – жазғы күн тоқырау (22 маусым), ең төмен қалыпта болатын уақыты – қысқы күн тоқырау (22 желтоқсан). Қаңтарулы аттың басының жерге жетпейтіні сияқты қаңтардағы Күн көзі де одан әрі төмендеп көкжиекке жақындай алмайды. Ғасырлар бойы аспанды бақылап, жазық далада өмір сүрген қазақ халқы Күн қозғалысының бұл ерекшелігін ерте заманда аңғарған. Осы бақылаулардың нәтижесінде "қаңтар" атауы шыққан.

Қаңтарда күн қысқарып, түн ұзарып болады. Осыған сәйкес болғандықтан ежелгі түркі тілінде безбен таразының таяғы да "қаңтар" деп аталған, өйткені безбеннің бір басы көтеріліп, екінші басы төмендеп барып, теңесіп тоқтайды.



Ұмытылған ұғымдар

Нәзір

Нәзір (салт, ырым). Күрделі жұмысты бастағанда (мысалы, үй салғанда) бұрын әр адам "Тәңірім, ісімді ондай көр" деп "нәзір" жасаған.

Нәзір дегеніміз ауылдастарын шақырып, бір малын сойып, өзінің бастағалы отырған ісінің мән-жайын айтып, әруақтарға дұға оқытып, көпшіліктен бата тілейді. Жиналғандар оған "Алла риза болсын, тілегің қабыл болсын, ісің оңға бассын" деген сияқты ізгі, баталы сөздерін айтып, ризалық көңілдерін білдіреді.

Қанатты сөздер

Алтыннан қымбат сөз айтсаң, Ақымақ құлақ салмайды

Айтылған пайдалы кеңестің парқын аңғара бермейтін кейбір сөз танымас жетесіздерге айтылатын қанатты сөз, халық нақылы. Термеден үзінді:

Алтыннан қымбат сөз айтсаң,
Ақымақ құлақ салмайды,
Ақмағамбетті аңдатсаң
Қыр соңыңнан қалмайды...



«Құрметті редакция!» «Қостанай таңы» газеті оқырмандарының хат – хабары

Газетіме ризамын!

Газеттің былтырғы және биылғы жылғы шыққан сандарын қарап шықтым. Әрине, сынау немесе керекті материал іздеу мақсатында емес. "Мне до "Қостанай таңы" – "как пешком до солнца". Расына келсем, сынағанда қандай! Сынайын деп те емес, мін болса да ілгерілеу болса да көрініп тұрады емес пе. Адамның бет жүзінен көрініп тұрғандайын. "Қайдан білдің?" деп қайран қалған балаға "Түрінде жазулы тұр ғой, түрінде!" деп жатады ересектер, сол секілді.

Бірнеше жыл бұрын мардымсыздау материалдарымды жіберіп, бас редакторға звондайтыным, батылдық емес, аңғырттық секілді. Жалпы, тіршілікте кішілік, қарапайымдылық жетпейді. Сондықтан жағалай рөл ойнау, суырып салма ақыннан бе-

тер табан астынан шығара салып қойылымдар қою күнде ұшырасып жатады. Оған да дарын керек-ақ.

Жалпы, "Қостанай таңы" газетінің тілшілерінің ішінде маған ұнайтындары біреу емес. Жастардан Шұғаның, Айтолқынның жазғаны жақсы. Менің мақтағаным олар мұқтаж емес, десе де орайы келген соң. Ал тәжірибелі кісілерден Д.Әбішевті позитивті, парасатты қалам иесі деп есептеймін. Ал Сәкен... тұрған бір салмақ. Салмақ жетпейтін үлкеннен сақтасын. Осы бір байыптылығы, асқан мәдениеттілігі аса қымбат. Қайсысы жақсы емес, бәрі де осал емес адамдар.

Отставкадағы полковник Абай Қажидың, Әлібек Ыбраевтың, Қыдырбек Қиысханұлының, Мешіт Фазизұлының, Нұрболат Мешітбаев-

7.00 "Экстраординарные женщины". 8.05 "Ержүрек тілгіш" ертегі. 10.05 Атакәсіп. 11.30 Сағыныш сазы. 12.00 Полночный джаз. 13.05 "Ежелгі Грекияда мифтердің пайда болуы". 14.05 Ученый совет. 15.30 Танцующий мир. 16.00 Лидер XXI века. 16.40 Археология. Бабалар мұрасы. 18.35 История одного шедевра. 19.00 К.ф. "Шабандоз қыз". 20.40 "Под куполом". 21.20 Казахстан в письмах. 22.00 Н.Усенбаеваның шығармашылық кеші.

НТК

7.05 К.ф. "Ойынның алаңшығы". 8.35 М.с. 9.00 Фантези "Дети шпионов 3". 10.35 М.с. 12.20 Х.ф. "Чело-

век-паук 3: враг в отражении". 15.00 М.х. 15.30 Сүйікті жануарлар. 16.20 Жасырын камера. 16.45 Ең күлкілі әртістер. 18.00 Х.ф. "Призрачный гонщик". 20.00 Битва экстрасенсов. 21.20 Алтын таспа. 22.20 Тематик-шоу. 23.00 Караоке-киллер. 0.00 Х.ф. "Город грехов".

7 АРНА

6.00 "Бүк пен Шік". 7.00 Қырық миллион теңге. 08.00 Шебербек ағай. 9.00 Дерзкие проекты. 10.00 Как мы изобрели мир. 11.00 Свидетели. 11.30 KZландия. 12.00 К.ф. "Периштем". 15.15 Х.ф. "Арфа для любимой". 17.00 BOOM! 18.00 Айна online. 18.30 Т.с. "20 минут". 20.00 Нысана. 20.30 Кім білген. 21.00 Х.ф. "Евротур". 23.00 Х.ф. "Супер-Майк". 1.00 "Ходячие мертвецы".

31 АРНА

6.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 7.00 "Ризамын". 8.00

Мультсериалы. 9.30 "Шерлок Холмс". 12.00 "Жұлдызды шаңырақ". 12.30 "Сәт сапар". 13.00 "Битва экстрасенсов. Война континентов". 15.00 Скetchком. 16.00 Х.ф. "Шерлок Холмс: игра теней". 18.30 Х.ф. "Ограбление по-итальянски". 21.00 Фильм-концерт. 00.00 Алдараспан, Шаншар, Нысана күнделігі. 2.00 Скetch-шоу "Күлейік". 4.00 Қазақша концерт.

АЛАУ

7.00 Хит-парад. 7.50 М.ф. 9.00 Новогодний шоппинг-класс. 9.30 М.с. 10.50 В ладу с природой. 11.10 MADLarys. 11.30 Солнечная кухня. 12.00 ПроАгро. 12.30 РТН Подробности. 13.20 Виттаж. 14.00 "Неизвестная версия". 15.00 И. Расыхланның өн кеші. 17.00 Қоғам және әйел. 17.30 К.ф. "Саған мұқтажбын". 19.00 "Неизвестная версия". 20.00 "Маленькие путешествия по большому краю". 20.40 Х.ф. "Игра в игре". 23.00 Моя правда. 0.00 Магия кухни.

ЕВРАЗИЯ

6.00 Жаңалықтар. 6.20 Тілші түйіні. 6.45 Жаңалықтар. 7.05 Т.х. "Құрбылар". 8.35 Жаңалықтар. 8.45 Воскресные беседы. 9.00 Новости. 9.10 Здоровье. 10.10 "Казлото". 10.45 "Валентина Толкунова. "Ты за любовь прости меня..." 11.45 "Багряный первоцвет". 13:20 Кешкі кездесу. 14.30 Караоке такси. 15.00 Угадай мелодио. 15.35 "Высоцкий". 17.20 "Она не могла иначе". 21.00 Аналитика. 22.00 П@утіпа+. 22.55 Театр эстрады. 0.50 "Живой Высоцкий".

КТК

7.05 Д.х. "На грани возможного". 7.55 М.с. 9.40 Ревизорро. 10.30 Звездная жизнь. 11.30 Х.ф. "Люба-Любовь". 15.10 "Жанкияр патшайым". 16.45 Той BestStar. 18.00 Беременная в 16. 19.00 Унеси что сможешь. 19.40 "Қарадайы". 21.00 Портрет недели. 22.00 Слуги народа. 22.45 Базар жоқ алаңы. 23.40 Х.ф. "Любовь-морковь 2".

Рапс зауытында өрт шықты



13 қаңтар күні Қостанайда Қарбышев көшесіндегі "К-ОЙЛ" ЖШС-не қарасты рапс зауытының кептіргішінде өрт шыққаны туралы хабар түсті.

Кептіру камерасы бункиріндегі 50 тонна күнбағыс тұқымы жанып жатыр екен. Өртті сөндіруге Қостанай облысы төтенше жағдайлар департаменті "ӨС және АҚЖҚ" ММ және өртке қарсы құрылымдар құралдары мен күштері, барлығы 17 көлік тартылды. 42 өрт сөндіруші мен "Ре-

зерв" РММ, "Иволга" ЖШС, "Мелькомбинат" ЖШС қызметкерлері бірлесіп, қызыл жалынды ауыздықтауға кірісті. Өртті сөндіру ауа-райының қолайсыз жағдайында жүргізілді. Сол күні желдің жылдамдығы секундына 20 метрге дейін жетіп, қалың қар жауып, боран болды. Оқпандар 15 метр биіктікке сатылы көлікпен берілді. Көптің күшімен 250 тонна күнбағыс тұқымы өрттен құтқарылды. Зардап шеккендер жоқ. Үш сағатта өрт толықтай өшірілді. Өрттің шығу себебі анықталуда.

Күзет фирмаларына көп сенім артуда

Мнауара ҚАБДРАХМЕТОВА

ОИД күзет қызметін бақылау жөніндегі бөлімнің мәліметтеріне қарағанда, соңғы үш жылда облыс аумағында күзет кәсіпорындарының саны 24 пайызға, күзетілетін нысандардың саны 54 пайызға, орталық қадағалау тетігі арқылы күзетілетін

нысандар 28 пайызға артқан.

Қазіргі уақытта жеке күзет компаниялары сан алуан қызмет түрлерін көрсетеді: маңызды мемлекеттік және жеке нысандарды күзетеді, азаматтарды қорғайды, алаяқтар және ұрылармен күреседі, жүктерді тасымалдағанда өріп жүреді, нысандардың техникалық жарақтануын қамтамасыз етеді, нысандардағы тәртіпті сақтайды.

2014 жылы жеке күзет ұйымдары қызметкерлерінің қатысуымен 14 қылмыс ашылып, 36 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды, 14 құқық бұзушы ішкі істер органдарына жеткізілді. Дабыл іске қосылған жағдайда қылмыскерлер шамамен 4-5 минутта ұсталады.

Мысалы, Қостанайдағы Жауынгер-интернационалистер көшесінде бір кафеде дабыл беру жүйесі іске қосылып, күзет фирмасының қызметкерлері 5 минут ішінде келіп, төбелес шығарған 4 құқық бұзушыны ұстап, полиция бөліміне жеткізді. "КазЕвроМобайл" дүкенінде дабыл іске қосылғанда жедел топ 5 минутта келіп жетті. Жанжал шығарған мас әйел ұсталды. Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының теміржол тұйығы аумағында күзет қызметкерлері белгісіз біреулердің 77,67 метр байланыс сымын ұрлағанын анықтады. Қауіпсіздік қызметі мен

полицияның бірлескен іс-шараларының нәтижесінде ұрлыққа қатысты адамдар ұсталды.

Жол апаты

Мұрат

"Қостанай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бірыңғай конкурс комиссиясы (110000, Қостанай қаласы, Пушкин көшесі, 98, 301 каб., анықтама телефоны: 8 (7142) 53-03-55, факс: 8(7142) 53-39-80, электрондық пошта: kadrykostanay@mail.ru) "Қостанай қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу секторының бас маманы (Е-Р-4, 1 бірлік) лауазымдық жалақысы еңбек еткен жылдарына қарай 56376 теңгеден 76235 теңгеге дейін "Б" корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды.

Қызметтік міндеттері: Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажетті құжаттарды белгіленген тәртіппен қабылдайды; тұрғын үй көмегін тағайындауға құжаттарды өз уақытында және сапалы дайындайды; есептеуге құжаттарды дайындайды және оларды тіркейді; тұрғын үй көмегін алушылардың электрондық базасын жүргізеді; қажет болса, тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш еткен азаматтардың материалдық-түрмыстық жағдайларын тексереді және берілген құжаттарды қарама-қарсы тексеруді жүзеге асырады; азаматтарды тұрғын үй көмегін тағайындау мәселелері бойынша қабылдайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Білімі жоғары құқықтану, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес, әлеуметтік жұмыс, есептеу техникасы және информатика. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы",

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағытты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер

Конкурс "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 Бұйрығы негізінде жүргізіледі (бұдан әрі – Қағидалар).

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күннің ішінде** 110000, Қостанай қаласы, Пушкин көшесі,

98, 301 каб. мекенжайы бойынша тапсырылуы қажет.

Азаматтар құжат тігілетін мұқабада орналастырылған жоғарыда аталған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын өңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірмей береді.

Өңгімелесуге жіберу туралы үміткерлерді хабарландыру күнінен бастап **5 күн ішінде** үміткерлер өңгімелесуді "Қостанай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде, 309 кабинетте өтеді.

Конкурстық комиссияның айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады.

Конкурстық комиссияның бақылаушылары ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген аккредитация алған бұқаралық ақпараттық құралдардың өкілдері, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдар), коммерциялық ұйымдар мен саяси партиялардың, өкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Конкурстық комиссияның отырысына бақылаушы ретінде қатысу үшін өңгімелесу өткізудің басталуына бір жұмыс күннен кешіктірмей, Қостанай қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару (кадр қызметі) бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға Қостанай қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару (кадр қызметі) бөліміне жеке куәлігінің көшірмесін, ұйымға жататынын растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмесін ұсынады.

Конкурсқа қатысу бойынша шығындар (өңгімелесу өтетін жерге және кері қарай жол жүру, тұрғын үй-жай жалдау, тұру, барлық түрдегі байланыс қызметтерін пайдалану) азаматтардың өз қаражаттары есебінен жүргізіледі.

Сұтай Аймұханбетқызы КЕМЕЛОВА

2015 жылғы 13 қаңтарда 88 жасқа қараған шағында ауыл шаруашылығы өндірісінің ардагері Сұтай Аймұханбетқызы Кемелова дүние салды. Ол 1927 жылы 8 наурызда бұрынғы Урицкий ауданы Қарамырза ауылында дүниеге келді.

Еңбекке ерте араласып, арнайы білім алып, облыстың бірқатар шаруашылықтарында бас есепші болып еңбек етті. Ол Қарасу ауданы «Бақан», «Май» кеңшарларының, Науырзым ауданы «Раздольный», «Көктал» шаруашылықтарының экономикасы мен әлеуметтік саласын дамытуға айтарлықтай үлес қосқан білікті мамандардың бірі болды. Адал еңбегі үшін «Құрмет Белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталды.

Сұтай Аймұханбетқызы жолдасы Ұлы Отан соғысының ардагері Алмат Кемеловпен бірге өздерінің үш қыз, екі ұлына келісті тәрбие берді, олардың бәрі де жоғары білім алып, адал еңбек етіп жүр. Абзал ана сол балаларынан туған немере-жеңдерінің азамат болғанын, ат жалын тартып мініп, қатарларының алды болғанын көрді, көрді де өзінің мәнді де мағыналы өміріне риза болды. Бал тілді шөберелерін өлділеді.

Сұтай апамыз ерекше мәдениетті, бауырмал, ағайын-туған, жақын-жұрағаттың нағыз қамқоры, төңірегіне нұр құйып жүретін ерекше жаралған жан еді. Ол біздің жүрегімізде де сол қалпында әрдайым сақталады.

Ағайын-туғандары.

ТҮЗЕТУ

Газеттің 2015 жылғы 14 қаңтардағы 4-ші санында 8-ші беттегі 1-ші бағанда жарияланған Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 605 қаулысымен бекітілген "Ветеринариялық анықтама беру" регламентінде (мемлекеттік тілдегі) 4-ші тармақта жоғарыдан санағанда 6-7 жолдарындағы "(бұдан әрі-Стандарт)" сөздері алынып тасталсын."

ПОПРАВКА

В постановлении акимата Костанайской области от 29 октября 2014 года № 535 "Об утверждении регламентов государственных услуг в сфере семеноводства", опубликованном в № 148 от 20.12.2014 года на русском языке:

в регламенте государственной услуги "Субсидирование элитных семян;

в главе 3 "Описание порядка действий (взаимодействия) в процессе оказания государственной услуги":

пункты 7,8,9,10 следует читать как пункты 6,7,8,9;

в главе 4 "Описание порядка взаимодействия с центром обслуживания населения и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги":

пункт 11 следует читать как пункт 10."

М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті мен Қостанай техникалық-экономикалық колледжінің ұжымы физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор Кужукеев Жеңіс Мырзатайұлына ауыр және орны толмас қаза – інісі

Кужукеев Өтепберген Мырзатайұлының қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.

"Әулиекөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Әулиекөл ауданы, Әулиекөл селосы, 1-Май көшесі, 44, № 8-кабинет, анықтама үшін телефондар: 21-006 Факс: 21-000, электронды мекенжайы: auliekol@qostanay.kz бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға ашық конкурс жариялайды.

1. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" ММ әкімінің орынбасары, санаты Е-Г-1, лауазымдық еңбек ақысы қызмет өтіліне байланысты 94172 теңгеден 126845 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Селолық округтің өмірлік маңызы бар объектілерінің үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету. Елді мекендердің санитарлық тазалығының және көркейтудің барысына бақылау жасау. Қоғамдық көліктің қызметін ұйымдастыру. Жеке қабылдау. Жерді пайдалану және жер қатынастары туралы мәселелерді қарау. Қоғамдық жұмыстарды, жастар тәжірибиесін және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру. Баспасөз басылмаларына жазылуды жүргізу. Селолық округі әкімі, сонымен қатар жоғары тұратын органдары қабылданған шешімдердің, өкімдерінің орындалуына бақылау жасау. Бұқаралық іс-шаралардың өткізуін ұйымдастыру. Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтарын сақтау мәселелері бойынша оларға кеңес беру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары: экономикалық, гуманитарлық, техникалық, ауылшаруашылық, педагогикалық, заңгерлік, мемлекеттік және жергілікті басқару.

1) Мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің бар болуы;

3) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім

беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөнінде республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауды;

4) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Конституциялық Заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

2. "Аманқарағай ауылдық округінің әкімі аппараты" ММ бас маманы, санаты Е-Г-3, лауазымдық еңбек ақысы қызмет өтіліне байланысты 53813 теңгеден 72391 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Елді мекеннің жерінде мал бағу үшін орындарды белгілеу. Аббаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту бойынша жоспарды әзірлеу. Елді мекендерді аббаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту бойынша жұмысты ұйымдастыру. Жер қатынастарды жүзеге асыру. Шаруа немесе фермерлік қожалықтардың ұйымдастыруына, кәсіпкерлік қызметтің дамуына жәрдемдесу. Ішкі саясат сала-

сында жұмысты жүзеге асыру. Ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, этникалық аралық қатынастар, мемлекеттік рәміздерді қолдану, ақпараттық-насихаттау жұмысты ұйымдастыру мәселелері жөніндегі шаралар кешенін әзірленуіне және іске асырылуына қатысу. Жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу туралы анықтамаларды беру. Мемлекеттік қызмет көрсету.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары: Ауылшаруашылық, экономикалық, заңгерлік. Ортадан кейінгі білім рұқсат етіледі.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білім барларға рұқсат етіледі. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білім барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттар конкурстың өтетіндегі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап **10 жұмыс күні ішінде** "Әулиекөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжайға: Әулиекөл селосы, 1-Май көшесі,44, № 8-кабинет, анықтама үшін телефондар: 21-006 Факс: 21-000 ұсыну қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкур-

стық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарын электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқасын өңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірмей ұсынады.

Өңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны осы өңгімелесуге жіберілгені туралы хабарлама алған күнінен бастап **5 жұмыс күнінің ішінде** "Әулиекөл ауданы әкімінің аппараты" ММ-де 36 кабинетте өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар өңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей Әулиекөл ауданы әкімі аппаратының кадр қызметіне тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар Әулиекөл ауданы әкімі аппаратының кадр қызметіне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (өңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

2015 жылдың 1 тоқсанына арналған "Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ басшыларының азаматтарды қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасу мекенжайы	Байланыс телефоны
"Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ	Үмбетов Жанболат Жұмабайұлы	"Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ басшысы	Сәрсенбі сағат 14.00-18.00 дейін	Қостанай қ. Гоголь көш.,75, 236 каб.	50-19-44
	Ахметов Қазымбек Жармағанбетұлы	"Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ басшысының орынбасары	Сейсенбі сағат 14.00-18.00 дейін	Қостанай қ. Гоголь көш.,75, 230 каб.	

"Мемлекеттік органның орналасу мекенжайы: Қостанай қ., Гоголь көш. 75, Байланыс телефоны 50-19-44. Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ мемлекеттік қызметшілерінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі мәселелері бойынша келесі мекенжайға хабарласуыңызды сұрайды. Сенім телефоны 50-48-33. Жауапты - "Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы" ММ бастығының орынбасары Ахметов Қазымбек Жармағанбетұлы.

График приема граждан руководителями ГУ "Управление по развитию языков акимата Костанайской области" на 1 квартал 2015 года

Наименование государственного органа	ФИО лица проводящего прием граждан	Должность проводящего прием граждан	Дата и время приема граждан	Местонахождения государственного органа	Контактный телефон
ГУ "Управление по развитию языков акимата Костанайской области"	Умбетов Жанболат Жумабаевич	Руководитель ГУ "Управление по развитию языков акимата Костанайской области"	Среда с 14.00 до 18.00	г.Костанай ул. Гоголя 75, кабинет 316	50-19-44
	Ахметов Казымбек Жармағанбетович	Заместитель руководителя ГУ "Управление по развитию языков акимата Костанайской области"	Вторник с 14.00 до 18.00	г.Костанай ул. Гоголя 75, кабинет 313	

Местонахождение государственного органа: г.Костанай, ул.Гоголя 75. Контактный телефон 50-19-44. По вопросам нарушения кодекса чести государственными служащими ГУ "Управление по развитию языков акимата Костанайской области" просим обращаться по телефону доверия 50-48-33. Ответственный - Ахметов Казымбек Жармағанбетович, заместитель начальника ГУ "Управление по развитию языков акимата Костанайской области"

● БІЛІМ**ҰБТ-ға дайындық**

Биылғы оқу жылының басынан бері Сарыкөл ауданы бойынша ұлттық бірыңғай тестілеу деңгейі біртіндеп бірыңғайланып келеді.

Бүгінде білім сапасы жалпы 73,50 ұпайды құрайды. Бұл туралы біздің өңір бойынша ҰБТ-ның директоры В.В.Стародуб айтып берді.

Оның айтуынша, аудан мектептерінің ішінде Маяк, Чехов, Тимирязев, Весело-Подол, Тәгіл және №1 Урицк орта мектептері көш бастап тұр. Ал, "Алтын белгі" үміткерлері – 5.

Жалпы, өңірде осы уақытқа дейін 5 рет байқау сынағы өткізілген. Таяуда тағы бір тест өтпек. Осы бақылаулар арқылы оқушылар өз білім деңгейлерін тексеріп, тестке де мықтап дайындалу үстінде.

● ІЛКІМДІ ІСТЕР**Өңірде кәсіпкерлік өркендеп келеді**

Жыл жылжыған сайын егемен еліміз қарқынды қарыштауда. Даму даңғылына діңгек болған бірнеше мемлекеттік бағдарламалар көбейді. Солардың арқасында кәсіпкерлік те, басқа салалар да салалы дамып келеді.

Халықтың кәсіпкерлігін арттыру бағытында жылқы жылы біздің ауданда да біраз жүйелі жұмыстар жүзеге асырылды. Сарыкөл аудандық кәсіпкерлер бөлімінің мәліметінше, өткен жылы Сарыкөлде 22 бизнес субъектісі тіркелген. Бұл салада жұмыс істейтіндер саны – 66 адамды құраса, соның 8-і әйел.

Сондай-ақ, "Бизнесің жол картасы – 2020" мемлекеттік бағдарламасы бойынша 60,6 млн. теңгелік 6 жоба мақұлданды.

Руслан ӘЛКЕЕВ.

Сарыкөл ауданы.

Срочно нужна помощь!

Тажибаев Бауыржан Сражатдин-ұлы

23.07.2001 года рождения
НАШ ДИАГНОЗ: Лимфонеоплазматический лимфогранулематоз с поражением лимфоузлов шеи, средостения, забрюшинного пространства, селезенки. St III б.

Болеет с 2010 года по настоящее время. Получил 9 курсов химиотерапии в г. Алматы и в г. Астана. В настоящее время срочно требуется лечение за рубежом!

ПРОСИМ ПОМОЧЬ МАЛЫЧКУ В ДАЛЬНЕЙШЕМ ЛЕЧЕНИИ И ДАТЬ ШАНС ЖИТЬ! ЛЮБАЯ СУММА СПАСЕТ ЖИЗНЬ РЕБЕНКА! на карту KASPI BANK KZ 80722R000048190283 на карту НАРОДНЫЙ БАНК KZT KZ 116010002006259082

Контактный телефон: + 7 778 204 07 98; +7 705 911 85 67 – мама Бауыржана Кибат.

**● ҚҰТТЫҚТАУ****Құттықтаймыз!**

Жанкелдин ауданы Шеген ауылының тұрғыны, сүйікті жар, ардақты әкеміз **ҚАБЖАНОВ Марал Егізбайұлын** 50 жас мерейтойымен құттықтаймыз! Мерейлі жасың құтты болсын, Басты байлық денсаулығың мықты болсын! Тәріңе құт-береке, бірлік болып, Шаңырағың шалқыған баққа толсын! Игі тілекпен: жолдасы – Алуа, балалары – Жасұлан-Дидар, Әлем, Алмас, немересі Әдия.

**ЖАРНАМА бергіңіз келсе**

54-33-22, 54-99-69 (факс)

ЖӘРМӨҢКЕ!

17 қаңтар сағат 9.00-де Затобол кенті "Онур" ЖШС аумағында (Механизаторлар көш. 5) а/ш жануарларының жем-шөбін (бидай қалдықтары, шөп, сабан, кебек) көтерме сату жәрмеңкесі болады.

Қосымша ақпарат тел. 54-34-40, 54-24-84.

ға рұқсат етіледі.

Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі, 110000 Қостанай қаласы, Быковский көшесі, 4 а, 311 кабинет, анықтама телефондары: 8-714-2390-517, факс 8-714-2-390-522, электрондық поштасы: odzkost-ok@yandex.ru

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды: Бақылау және кадрлық жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы, D-O-3 санаты, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты: 84563 теңгеден 114032 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: Облыс халқына медициналық көмек көрсетудің сапасы мен мәдениетін арттыруға бағытталған кадрлық саясатты жүргізуге қатысу, еңбек заңнамасының сақталуына бақылау жасау, кадрлармен жүргізілген жұмысы туралы есеп құру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары медициналық, заңгерлік. Мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес немесе мемлекеттік органдарда басшылық ету немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес, осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық ету лауазымында бір жылдан кем емес, не болмаса жоғары оқу орындарынан кейінгі оқу бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы, не болмаса ғылыми дәрежесінің болуы.

Дәрі-дәрмектер саясаты және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді үйлестіру бөлімінің бас маманы, D-O-4 санаты, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты: 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: Облыс халқына дәрілік көмекті ұйымдастыру мәселелері, облыстағы дәріхана ұйымдарының фармацевтикалық қызметіне ұйымдастырушылық-әдістемелік жетекшілік ету.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары фармацевтикалық, медициналық, экономикалық, биологиялық. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі фармацевтикалық, медициналық, экономикалық, биологиялық білімі барлар

ЕАҰ қызметін үйлестіру бөлімінің бас маманы, D-O-4 санаты, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты: 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: Облыс халқына медициналық көмек көрсету бойынша емдеу-алдын алу ұйымдарының қызметін үйлестіру мәселелері, өңірлік және Мемлекеттік бағдарламалардың негізгі бағыттарын іске асыруға қатысу (құзыры шеңберінде).

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары медициналық, табиғи ғылым (биолог), әлеуметтік ғылым (психолог), экономикалық. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі медициналық, табиғи ғылым (биолог), әлеуметтік ғылым (психолог), экономикалық білімі барларға рұқсат етіледі.

Әкімшілік-заң бөлімінің бас маманы (негізгі қызметкердің бала күтімі бойынша демалыс кезеңіне), D-O-4 санаты, лауазымдық жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты: 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін.

Қызметтік міндеттері: "Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы" заңының орындалуына, облыстың медициналық ұйымдарында тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасының іске асырылуына бақылау жасау. Құжаттарды мемлекеттік тілге аудару, басқарманың барлық бөлімдері үшін аудармаларды теру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Қазақ тілі және әдебиет мамандығы бойынша жоғары гуманитарлық немесе қазақ тілі және әдебиет мамандығы бойынша ортадан кейінгі гуманитарлық.

Конкурс "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары негіздерінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың

нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізбегінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап 10 жұмыс күннің ішінде тапсырылуы қажет. Азаматтар құжат тігілетін мұқабада орналастырылған жоғарыда аталған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын өңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын көшіктірмей береді. Өңгімелесуге жіберілген кандидаттар, оны кандидаттардың өңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурстық комиссияның айқындылығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына бақылаушылардың қатысуына болады. Конкурстық комиссияның байқылаушы ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген аккредитация алған бұқаралық ақпараттар құралдарының өкілдері, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (мемлекеттік емес ұйымдар), коммерциялық ұйымдар мен саяси партиялар, өкілетті органның қызметкерлері қатыса алады. Конкурстық комиссияның отырысына бақылаушы ретінде қатысу үшін өңгімелесу өткізудің басталуына бір жұмыс күннен көшіктірмей, Денсаулық сақтау басқармасының кадрлық жұмыс бөліміне тіркеледі. Тіркелу үшін тұлға Денсаулық сақтау басқармасының кадрлық жұмыс бөліміне жеке куәлігінің көшірмесін, ұйымға жататынын растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмесін ұсынады. Конкурсқа қатысу бойынша шығындар (өңгімелесу өтетін жерге және кері қарай жол жүру, тұрғын үй-жай жалдау, тұру, барлық түрдегі байланыс қызметтерін пайдалану) азаматтардың өз қаражаттары есебінен жүргізіледі.

● ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ТІРШІЛІК



ҚАЛАДАҒЫ

КӨШПЕНДІ ТІРЛІК

сінде салықтан жалтаратындарды анықтап, міндетті түрде салық есебіне алатын боламыз, – деді Қостанай қаласы бойынша салық басқармасының шағын және орта кәсіпкерлердің субъектісін әкімшілендіру бөлімінің басшысы Иван Васильев.

Өткен жылғы көрсеткішке сай, Қостанай қаласында жалға беру және жеке-меншік, жалдамалы мүлікті пайдалану, жылжымайтын мүлікті сатып алу, сату және жалға беру секілді қызмет түрімен тіркелген заңды және жеке кәсіпкерлердің саны 1740-қа жеткен. Ал 2013 жылы 1480 кәсіпкер тіркелген. Шаһарда пәтер жалдаушылардың саны бірқалыпты деңгейде. Олардың саны әр маусымда өзгеріп отырады. Мәселен, күз мезгілінде жалдамалы пәтерге сұраныс артады. Себебі, жаңа оқу жылы басталысымен қалаға студенттер ағылады. Жатақханадан орын бұйырмаған студенттер амалсыз пәтер жалдайды. Бұл маусымдық құбылыс. Жаз айларында пәтерге сұраныс бірқалыпты, тек күзде көбейеді екен.

Жалдамалы пәтерлердің

бөлмелі пәтер 65-70-100 мың теңгеге дейін барады. Бөлменің аумағы кең, еуро ремонт жасалғандары 200 мың теңгеге дейін жетеді.

– Жалдамалы пәтерлердің бағасы өте қымбат. Біз бағаның өзгеруіне әсер ете алмаймыз. Себебі бағаны үйдің иесі белгілеп қояды. Үй иелерінің айтуынша, коммуналдық төлемдер мен азық-түлік бағасының қымбаттауына байланысты жалдамалы пәтерлердің бағасы да артады. Қазір пәтер жалдаушыларға қарағанда сатып алушылар көбейді. Үй сатып алушылардың дені ауылдан қалаға көшіп келгендер, – деді "Шаһар" жылжымайтын мүлік агенттігінің директоры Айгүл Сейітова.

Пәтерші (квартирант) мен жалға берушінің арасын байланыстыратын маманды риэлтор дейді. Мұндай қызметті жылжымайтын мүлік агенттіктері де жүзеге асырады. Арадағы делдалдар өз қызметтері үшін пәтер құнының 10%-ын алады. Қостанайда бір күннің ішінде 5-6 адам жалдамалы пәтер іздеп жылжымайтын мүлік агенттіктеріне хабарласады екен.

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Қала тіршілігінде пәтерден-пәтерге көшу таңсық құбылысқа жатпас. Себебі ұзақ жылдар өзгенің шатырын паналап, жалақысын жалдамалы пәтерге жұмсайтын жас отбасылар жеткілікті. Басыбайлы баспанасы жоқ адамдардың пәтер жалдап күн көрмесіне амал жоқ. Осы орайда, "жалдамалы пәтерлердің ай сайынғы бағасы қандай?" деген ой келеді. Меншігіндегі баспананы басқаға беріп, ақшасын алып отыратын адамдар мемлекетке салық төлейді ме? Өлде сағаттап ақша тапса да салық төлеуден жалтара ма? Көкейде жүрген осынау сауалдардың жауабын іздеген едік.

Пәтерді жалға беру қалалықтар үшін таптырмас кәсіп көзі. Яғни, артық пәтерді жалға беру арқылы пайда түсіруге болады. Ең бастысы, пәтерді жалға беруші адам жергілікті жердегі салық инспекциясында тіркелуі тиіс. Салықтан жалтарғандар әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

– Қаладағы жалға берілетін пәтерлердің санын анықтауды қолға алдық. Көлеңкелі кәсібін дөңгелеткендерді табу қиынның қиыны. Десекте пәтер бизне-

бағасы әртүрлі. Пәтердің орналасқан аудандарына байланысты бағасы өзгеріп отырады. Мысалға, қаланың орталығында бір бөлмелі пәтерді жалға алу 40-55 мың, тіпті 70 мыңға дейін барады. Шаһардың шеткі жағындағы аудандарда 35 мыңнан басталады. Екі бөлмелі пәтер 60-70 мыңға дейін. Еуро ремонт жасалғанын 90 мыңға табасыз. Осылайша пәтер жалдау бағасы бөлме санына, ішкі жөндеуіне, бөлменің аумағына қарай шарықтап кете барады. Үш

– Біздің отасқанымызға екі жыл болыпты. Жолдасым, екі жасар ұлым және мен, үшеуіміз қалада пәтер жалдап тұрамыз. Бір бөлмелі пәтерге айына 35 мың төлейміз. Үй қаланың шетінде орналасқан. Сондықтан бағасы арзандау, – дейді Салтанат Мұстафина.

Қаладағы күйбең тіршіліктің бір көрінісі осы. Бірі тапқан-таянғанына пәтер жалдап күн көруде. Ал енді бірі артық пәтерін өзгеге беріп пайда табады.

● АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

"Халық банкі" АҚ атынан алаяқтар хат жолдауда

Мешіт
ҒАЗИЗ

Интернет арқылы азаматтардың поштасына "Халық банкі" АҚ атынан жеке тұлғаның дербес деректерін сұрап жіберілетін хаттар алаяқтардың ісі болып шықты.

Біз "Халық банкі" АҚ-ның жеке тұлғаларға қызмет көрсету орталығына хабарласқанда аталған хаттың жалған екені белгілі болды.

"Банк атынан ақпарат сұрап келетін бұл хат алаяқтардың ісі. Хатқа жауап бермеу керек. Қазіргі уақытта олар анықталуда. Сонымен қатар, банк атынан түрлі СМС-тер де жолдануда. Азаматтардың абай болуын сұраймыз", – деп хабарлады банк операторы.

Атап айтсақ, банк клиенттері өздерін мазалаған сұрақтарына 8 8000 8000 59 номеріне хабарласып, жауап алуына болады.

● АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Асхана қыз ұзататын орын емес

Дана халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрін жаңашалаймыз деп жүріп, ескімізге зәру болып қалдық. Оқырмандар: "Неге олай дейсің?" деуі мүмкін. Мұны нақты дәлелдерге сүйеніп айтты отырмын.

Мәселен, қыз ұзатушы тарап үлкен тойхана, асхана жалдағанда, бөленше қызын анау әйдік тойханада атқарыпты деген мақтан үшін ғана өткізе ме деймін. Дұрыс-ақ. Әлі жеткен алып та жығады, шалып та жығады, байлығы тасығандар не істеймін десе де еркі. Ал өзгесіне не жорық? Күннің көзін алақанмен жаба алмайсың. Әлі жетпейтіндер әлі көп. Отырып қалған қыз да көп. Бұл

шындық.

Халқымыз қыз баланы бұрын қалай ұзатқан еді. Дәл сондай болмағанымен қазақтың нағыз қыз ұзату дәстүрін қалпына келтірсе, несі айып?!

Қыз – жат жұрттық. Сондықтан оны даладан ұзатып жіберуге болмайды. Оған мен өз басым үзілді-кесілді қарсымын.

Мына екі құда мен құдағиларым қыздарын той бітісімен машинаға отырғызып жіберді. Халқымызда "Қыздың сыңсуы" деген бар емес пе. Сыңсу деген сөз қыздың әке-шеше, ата-әже, аға-іні, сіңілісі, туған туыстарымен қоштасуы, көрісуі дегенді білдіреді. Ендеше, тұрмысқа кетіп бара жатқан қыздар өз үйінен, өз

босағасынан қоштасып шықпай ма? Солай аттануы керек емес пе.

Тойханадан кетіп бара жатқан жас жұбайлар "Қош сау болыңдар, келіп тұрамын" – деп әке-шешесін жұбатып кетті де отырды. Бұл, меніңше, мүлде қате. Менің айтайын дегенім, кім болса да тойын асхана немесе шатханада-ақ тойлай берсін.

Бірақ, қыз тойханадан аттанбасын. Өйткені, тойхана мен асхана қыз ұзату орны емес. Дәстүрімізді ұмытпайық, ағайын!

Осыған сіздер не айтасыздар, құрметті оқырман?

Жолдыбай ШӘКІРҰЛЫ,
зейнеткер.

Қостанай қаласы.

● ФОТОЭТЮД



Шуақты сәт

Фотоэтюді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

"Алтын қаламның" жинағы жарық көрді

Сәлім
МЕҢДІБАЙ

Алматыда "Алтын қалам-2014" әдеби жұлдесінің нәтижесі бойынша үздік шығармалар жинағының тұсаукесері болып өтті. Жинаққа Әдеби портал.kz сайты оқырмандарының дауыс беруі арқылы іріктеліп, беделді комиссияның сұрыптауынан өткен үздік деп танылған туындылар енген. 2014 жылғы "Алтын қалам" байқауына екі тілде 137 автордың 364 шығармасы ұсынылған. "Үздік жыл драмасы" номинациясы бойынша біздің жерлесіміз Ақылбек Шаяхмет "Ыбырайдың өсиеті" деп аталатын пьесасы үшін жыл драматургі атанған болатын.



Тағы бір жағымды жаңалық, автор таяуда Әлем халықтары Жазушылар одағына мүше болып қабылданды.

Артық білім кітапта

Қостанай қаласында мектептер арасында "Оқитын адам — табысты адам" республикалық байқауының 1 кезеңі өтті. Білім сайысына шаһардағы барлық мектептер қатысты. Біздің №9 орта мектеп іс-шараға белсенді түрде атсалысты.

Қатысушылар "Кез келген кітапты суреттейміз", "Сүйікті жазушымыздың сүйікті кітабы", "Бұл кітапты оқуға кеңес беремін" деген үш аталым бойынша шығармашылық жұмыстарды ұсынды. Мектебіміздің 5-сынып оқушысы Наргиз Шаяхметова "Кез келген кітапты суреттейміз" аталымында 3-орын алды.

Рысты БЕКСҰЛТАНОВА,
№9 орта мектебінің кітапхана
меңгерушісі.

Қостанай қаласы.



● ФУТБОЛ

Игорь Юрин
"Тобылға" қайта
оралды

2015 жылғы ел чемпионатының басталуына аса көп қалған жоқ. Қазір Премьер-лига командаларының басымы бөлігі Түркияда оқу-жаттығу жиындарын өткізіп жатқаны белгілі. Қысқы маусым-аралық үзілісте чемпионаттың жоғарғы эшелоннда өнер көрсететін он екі команданың қай-қайсысы болсын өз құрамдарын мықты футболшылармен жасақтауға тырысады. Қостанайдың "Тобылы" да осындай аз-кем ауыс-түйістен ада емес. Осыған дейін біз Вардан Минасянның командасына литвалық А.Климявичус, армениялық К.Мкртчян тәрізді ойыншылардың келгенін жазғанбыз. Енді, міне, клубтағы бір танымал есіммен толықты.



32 жасар Алматы футболшының түлегі, жартылай қорғаушы Игорь Юрин "Тобыл" клубымен келісім-шартқа қол қойды, — деп хабарлайды Sports.kz сайты.

Бұл оның қостанайлық командаға үшінші мәрте оралуы. Осыған дейін И.Юрин 2005-2008 жылдары және 2010-2011 жылдары "Тобыл" сапында доп тепкені есте. Ол барлығы 116 матч өткізіп, 15 доп соққан. 2010 жылы "Тобыл" құрамында Игорь Юрин ел чемпионы атанды. Үш дүркін күміс, қола жүлдені жеңіп алды және Қазақстан Кубогын еншіледі. Құйынперен жартылай қорғаушы Премьер-лигада 334 кездесуге қатысып, қарсыластар қақпасын 42 рет дәл көздеген.

Спорт әдіскерлері
жұмыс істеудеХамитбек
МҰСАБАЕВ

Ауданда спорттың бұқаралығын арттыру үшін тиісті жұмыстар жүргізілуде. Нәтижесінде ауданның 5 округіне спорт әдіскерлері жіберілді. Атап айтқанда Құмкешуге Ерлан Тоқмағанбетов, Амантоғайға Бақтілеу Сабыров, Қарасұға Дархан Есболов, Үрпекке Бекзат Оралбаев, Аманкелді селолық округіне Бауыржан Кәкіманов секілді жоғары білімді спорт мамандары әдіскер болып тағайындалды.

Қазіргі күні бұл мамандар өздері еңбек етіп жатқан ауылдық округтердің жастары арасында спорт жұмыстарын жүргізу үстінде. Бұларға еңбекақы аудандық дене тәрбиесі және спорт бөлімі ММ арқылы төленеді.

— Бұл жастардың барлығы да Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педогогикалық институтының дене тәрбиесі және спорт факультетін бітірген жастар. Олардан үлкен үміт күтіп отырмыз. Себебі осы уақытқа дейін ауылдық округтерде спорт әдіскерлері болған емес. Соның салдарынан округтердегі жастар арасындағы спорт жұмыстары дұрыс жүрмей келді. Мақсатымыз алдағы уақытта ауданымыздың қалған 6 ауылдық округтеріне де спорт әдіскерлерін қызметке тарту. Өйткені өздігінен ешқандай іс бітпейді. Өйткені Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, спорттың бұқаралығын арттырудың маңызы зор. Ол үшін жастардың басын қосып, түрлі спорттық ойындарға үйретіп, тәрбиелейтін әдіскерлер міндетті түрде болу керек. Сонда ғана жастар арасындағы спорт жұмыстары өз нәтижесін береді. Ал спорт дегеніміз — адамдардың денсаулығын жақсарту деген сөз, — дейді аудандық дене тәрбиесі және спорт бөлімі ММ басшысы Болат Фазылұлы Мусин.

Аманкелді ауданы

Меншік иесі:

**"Қостанай таңы" газеті
редакциясы" ЖШС**

**Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың
орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22

Бөлімдер:

Экономика: 54-73-36
Әлеумет және құқық:
54-47-28
Білім 54-28-42,
Мәдениет: 54-28-42
Әдебиет және тіл: 54-79-68



Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Жарнама: 54-63-14

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 5-00-02
Рудныйда: 5-57-60
Редакцияның
мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А — ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайский Дом печати" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: Майлин көшесі, 2/3. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 11108. Тапсырыс 61.

Нөмірдің кезекші редакторлары: Айбек КӘДІРҰЛЫ, Нұрболат МЕШІТБАЕВ.